



С.Торайғыров атындағы облыстық біріккен
әмбебеп ғылыми кітапхана
Областная объединенная универсальная научная
библиотека им.С.Торайгырова

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП
ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР**

**ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫЕ И ПАМЯТНЫЕ ДАТЫ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ НА 2009 ГОД**



С.Торайғыров атындағы облыстық біріккен
әмбебеп ғылыми кітапхана

Ақпараттық - библиографиялық бөлім

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП
ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР**

ПАВЛОДАР, 2009

АЛҒЫ СӨЗ

"Павлодар облысында 2009 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер" күнтізбегі оқырман қауымды Павлодар өңірінде болған маңызды тарихи және соңғы жылдары болған оқиғалармен таныстыру мақсатында қазақ және орыс тілдерінде жасалған анықтамалық-библиографиялық көрсеткішті ұсынады.

Көрсеткіште әдебиеттер тізімі, биографиялық анықтама түрінде берілген атақты жерлестеріміз туралы мәліметтер көрсетілген. Мемлекеттік және кәсіби арнайы мерекелер тізімі мен ТМД елдерінде аталып өтілетін және еске алынатын күндер де күнтізбегі кірген. Күнтізбек әдебиеттерді толық есепке алу міндетін көздемейді.

Көрсеткіш бірнеше бөлімдерден тұрады. Әдебиеттер тізімінде алдымен кітаптар кейін мерзімді басылымдар көрсетіліп, ішінде алфавит бойынша орналасқан. Анықтамасы берілген мерейтой күндер жұлдызшалармен белгіленген.

Керекті мәліметтер мен аталып өтілетін күндерді және материалдарды іздестіріп, анықтау жұмысында С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппараты мен кітап қоры пайдаланылды.

Құрастырушылар осы құралда берілген әдебиеттер тізімімен шектеулі болмай, көрсеткіш жарыққа шыққаннан кейін кірмей қалған мерзімді басылымдар бетінде шыққан материалдар және әдебиеттермен, жалпы жарық көрген жаңа мәліметтермен танысуға болатынын айтады.

Көрсеткіш кітапхана мен мәдени-ағарту мекемелеріне, мұғалімдерге, студенттерге, ғылыми, бұқаралық-ақпарат қызметкерлеріне және өлкетану материалдарымен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

Көрсеткіш туралы пікірлеріңізбен тілектеріңізді мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз:

637000 Павлодар қаласы
Академик Сәтбаев көшесі, 104
С.Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың ақпараттық-
библиография бөлімі
[http: www.pavlodarounb.kz](http://www.pavlodarounb.kz)
e - mail: [library @eksi.kz](mailto:library@eksi.kz)

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕРДІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

ҚАҢТАР

- 4 қаңтар - Журналист **Т.Қоңыровтың** туғанына 70 жыл (1939) *
- 11 қаңтар - Акын - импровизатор **Қ.Нығымановтың** туғанына 85 жыл (1924-1980)
- 11 қаңтар - Суретші **Ғ.Н.Қаржасовтың** туғанына 55 жыл (1954)*
- 12 қаңтар - Ғалым **М.Г.Исаеваның** туғанына 80 жыл (1929)
- 15 қаңтар - Социалистік Еңбек Ері **С.Т.Темірбаевтың** туғанына 100 жыл (1909)
- 16 қаңтар - Орыс ғалымы, Баянауылды зерттеуші **П.Л.Драверттің** туғанына 130 жыл (1879-1945)
- 19 қаңтар - Акын **Р.Пфлюгтің** туғанына 90 жыл (1919)
- 22 қаңтар - ҚазКСР еңбек сіңірген мұғлімі **В.И.Щербинконың** туғанына (1924)
- 24 қаңтар - Ғалым **Р.А.Борукаевтың** туғанына 110 жыл (1899-1967)
- 26 қаңтар - Актриса **Ш.Байғабылованың** туғанына 60 жыл (1949)*
- 27 қаңтар - Акын **П.Н.Гусевтің** туғанына 80 жыл (1929)
- 29 қаңтар - Акын **Б.Әбдіқадыровтың** туғанына 85 жыл (1924)

АҚПАН

- 2 ақпан - Павлодар облысын зерттеген неміс ғалымы **А.Э.Бремнің** туғанына 180 жыл (1829-1884)
- 8 ақпан - қалалық сауықтыру орталығының құрылғанына 10 жыл (1999)
- 13 ақпан - Кино шебері және сценарист, КСРО кинематографистер Одағының мүшесі **Қ.С.Сирановтың** туғанына 95 жыл (1914-1976)
- 15 ақпан - Кинорежиссер, актер **Ш.Аймановтың** туғанына 95 жыл * (1914-1970)
- 15 ақпан - Ғалым **А.Л.Цефтың** туғанына 105 жыл (1904-1971)
- 15 ақпан - "Сарыарқа самалы" газетінің жарыққа шыққанына * 80 жыл (1929)
- 21 ақпан - График-суретші **В.М.Приходьконың** туғанына 60 жыл (1949)
- 22 ақпан - Журналист, акын **А.Б.Қанидің** туғанына 55 жыл (1954)*
- 23 ақпан – Техника ғылымдарының докторы, ғалым **М.М.Жасымовтың** туғанына 70 жыл (1939)
- 25 ақпан - Қоғам қайраткері, ғалым **М.С.Терениктің** туғанына 80 жыл (1929)

НАУРЫЗ

- 8 наурыз - Фото-журналист **В.Н.Бугаевтың** туғанына 55 жыл (1954)
 13 наурыз - Архитектор **Г.В.Гальченконың** туғанына 80 жыл (1929)
 14 наурыз - Ғалым-биолог **Е.Ш.Шахановтың** туғанына 65 жыл
 (1944) *
 16 наурыз – Ұлы Отан соғысының ардагері, Даңқ орденінің толық кавалері
П.П.Больботтың туғанына 85 жыл (1924)

СӘУІР

- 1 сәуір - Революциялық қайраткер **Е.Д.Малаховтың** туғанына
 110 жыл (1899-1921)
 10 сәуір - Ғалым **С.Елубаевтың** туғанына 85 жыл (1924)*
 12 сәуір - Ғалым **Қ.И.Сәтпаевтың** туғанына 110 жыл (1899-1964)*
 18 сәуір - "**Большевицкий путь**" газетінің аты "**Павлодарская
 правда**" болып өзгергеніне 55 жыл (1954)
 20 сәуір - Ғалым **Г.Г.Берестовскийдің** туғанына 100 жыл
 (1909-1988)*
 20 сәуір - **Павлодар жерінде тыңның** игере басталғанына 55 жыл (1954)
 21 сәуір - Ғалым, өлкетанушы **С.Жақсыбаевтың** туғанына 75 жыл (1934)*
 25 сәуір - Суретші - монументалист **А.И.Бибиннің** туғанына 70 жыл (1939)
 29 сәуір - Ғалым **М.Р.Танашеваның** туғанына 70 жыл (1939)*

МАМЫР

- 4 мамыр - Кеңес Одағының батыры **И.В.Кутурғаның** туғанына 85 жыл
 (1924)*
 4 мамыр - Жазушы және драматург **С.Х.Сұбханбердиннің** туғанына 95 жыл
 (1914-1986)*
 5 мамыр - Журналист **З.Суворованың** туғанына 65 жыл (1944)
 10 мамыр - Ғалым **А.Х.Марғұланның** туғанына 105 жыл * (1904-1985)
 12 мамыр – Ұлы Отан соғысының ардагері, Даңқ орденінің толық кавалері
Г.У.Ткачевтың туғанына 95жыл (1914-1985)
 13 мамыр - **Ардагерлер үйі** ашылғанына 5 жыл (2004)-----
 14 мамыр - Суретші **А.Егімбаевтың** туғанына 55 жыл (1954)
 19 мамыр - Ақын **Л.Г.Гаврикованың** туғанына 60 жыл (1949)
 23 мамыр - Ғалым **К.А.Ақышевтың** туғанына 85 жыл (1924-2003) *
 24 мамыр - Ақын **С.Дөнентаевтың** туғанына 115 жыл (1894-1933) *
 29 мамыр - Баянауыл ауданы жеріндегі **жабайы жануарларды қорғау
 Мемлекеттік қорығының** құрылғанына 30 жыл (1979)
 31 мамыр - Каз КСР-нің Еңбек сіңірген кеңшісі, Социалистік Еңбек Ері
С.П Куржейдің туғанына 85 жыл (1924)
 Мамыр - Екібастұз **Қ.И.Сатпаев атындағы инженерлік-техникалық
 институттың** ашылғанына 15 жыл (1994)

МАУСЫМ

- 5 маусым - Актриса **Ф.А.Миронованың** туғанына 85 жыл (1924)
 14 маусым - Актриса **Ж.Чайкинаның** туғанына 55 жыл (1954)*

- 15 маусым - Актриса **К.А.Вольскаяның** туғанына 100 жыл (1909)
 30 маусым – **Павлодарлық ТЭЦ-1** қолданысқа берілгеніне 45 жыл (1964)
 маусым - **Облыстық мамандандырылған кадет мектеп-интернатының**
 ашылғанына 10 жыл (1999)
 маусым - Алғашқы рет облыстық **ақындар мен жазушылар** слетінің
 болғанына 70 жыл (1939)
 маусым - **Павлодар мен Мәскеу арасында әуежайлық жолаушылар**
байланысының ашылғанына 60 жыл (1949)

ШІЛДЕ

- 1 шілде - **Павлодар музыкалық колледжінің** ашылғанына 45 жыл
 (1949)*
 4 шілде - Журналист және жазушы **Л.И.Устюжаниновтың** туғанына 85 жыл
 (1924)
 6 шілде - Социалистік еңбек ері **М.И.Трусовтың** туғанына 80 жыл (1929-
 1998)
 8 шілде - Журналист және ақын **Ж.Садықовтың** туғанына 60 жыл (1949)
 12 шілде - Журналист, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі
Ж.Тұрғанбековтың туғанына 60 лет (1949-1997)
 20 шілде - Композитор **А.В.Бычковтың** туғанына 80 жыл (1929-1998)*
 22 шілде - Қан құю орталығының құрылғанына 45 жыл (1964)

ТАМЫЗ

- 4 тамыз - Фотограф-өлкетанушы **Л.Д.Багаевтың** туғанына 80 жыл
 (1929-1989)
 11 тамыз - Орыс сiбiр жазушысы мен суретшiсi **А.Сорокиннiң**
 туғанына 125 жыл (1884-1928)*
 11 августа - **Машина жасау колледжінің** ашылғанына 35 жыл (1974)
 12 тамыз - Немiс ғалымы, Павлодар өнiрiн зерттеушi **И.Г.Гмелиннiң**
 туғанына 300 жыл (1709-1755)
 20 тамыз - Журналист және ақын **Қ.Смағұлдың** туғанына 70 жыл (1939) *

ҚЫРКҮЙЕК

- 1 сентябрь - **ЖҚТБ-мен күрес пен емдеу облыстық орталығының**
 ұйымдасқанына 20 жыл (1989)
 4 қыркүйек - **Павлодар №1 музыкалық мектебіне Құрманғазының** есімі
 берілгеніне 50 жыл (1959)
 4 қыркүйек - **Облыстық драма театрына А.П.Чеховтың** есімі берілгеніне
 50 жыл (1959)
 4 қыркүйек - **Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы**
 Г.Н.Потаниннің есімімен атанғанына 50 жыл (1959)
 4 қыркүйек – КСРО батыры **А.Н.Елгиннің** туғанына 110 жыл (1899-1944)
 5 қыркүйек - Фотограф-өлкетанушы, өлкетану мұражайының негізін
 қалаған **Д.П.Багаевтың** 125 жыл (1884-1968) *
 7 қыркүйек - Актер және музыкант **Р.Б.Омаровтың*** туғанына 90 жыл

(1919)

- 10 қыркүйек - Ақын **Н.Юсуповтың** туғанына 70 жыл (1939)
14 қыркүйек - Неміс ғалымы, Павлодар өңірін зерттеуші **А.Гумбольдтың** туғанына 240 жыл (1769-1859)
18 қыркүйек - Педагог, жазушы **А.В.Некрасовтың** туғанына 110 жыл (1899 -1972)
21 қыркүйек - Ғалым **Х.А.Арғынбаевтың** туғанына 85 жыл (1924-1998)*
26 қыркүйек - **Павлодар көркем мұражайының** құрылғанына 45 жыл (1964) *

ҚАЗАН

- 1 қазан - Ғалым, қоғам қайраткері **Ж.А.Ахметовтың** туғанына 90 жыл (1919)*
4 қазан - Ғалым **Б.Кенжебаевтың** туғанына 105 жыл (1904-1987)
5 қазан - Ғалым **И.Г.Гуславскийдің** туғанына 80 жыл (1929)
10 қазан - Ғалым **А.К.Каюповтың** туғанына 95 жыл (1914-1993)
12 қазан - Жауынгер, полковник **Ә.Баймолдиннің** туғанына * 100 жыл (1909-1944)
13 қазан - Ғалым **К.М.Мұқановтың** туғанына 80 жыл (1929-1996) *
16 қазан - **Май ауданының** құрылғанына 70 жыл (1939)*
19 қазан - Ақын **Т.В.Окольничьяның** туғанына 60 жыл (1949)
20 қазан - Ақын **Н.Ваккердің** туғанына 90 жыл (1919)
21 қазан - Журналист **Д.Б.Қарашашеваның** туғанына 60 жыл (1949) *
23 қазан - **Кафедралды Благовещенск шіркеуінің** ашылғанына және Павлодар қаласында **Бас мешіттің** алғашқы рет тас қаланғанына 10 жыл (1999)
қазан - Б.Ахметов атындағы **Павлодар педколледжінің** ашылғанына 80 жыл (1929)*
қазан - **Павлодар алюминий зауытының** бірінші кезегінің қосылғанына 45 жыл (1964).

ҚАРАША

- 4 қараша - Қазақ әншісі **С.А.Әбусейітовтың** туғанына 80 жыл (1929-1992)*
5 қараша - Жазушы-этнограф **А.Е.Новоселовтің** туғанына 125 жыл (1884-1918)*
6 қараша - Суретші **Н.Нұрмұхамедовтың** туғанына 85 жыл (1924-1986)*
7 қараша - Ақын **М.Жаманбалиновтың** туғанына 85 жыл (1924)*
14 қараша - Неміс ғалымы, Павлодар өңірін зерттеуші **А.Гумбольдтың** туғанына 240 жыл (1769-1859)
19 қараша - Жазушы, аудармашы және журналист **М.Д.Балыкиннің** туғанына 85 жыл (1924)
25 қараша - Суретші **А.В.Гулиннің** туғанына 60 жыл (1949)
29 қараша - Кеңес Одағының батыры **Қ.Камзиннің** туғанына (1919-1944) 90 жыл*
30 қараша - Ғалым **Л.К.Жаналинаның** туғанына 65 жыл (1944)
Қараша - **Павлодардағы Байланыс үйінің** ашылғанына 45 жыл (1964)

ЖЕЛТОҚСАН

- 2 желтоқсан - Журналист, ақын, мұғалім **С.Баязитовтың** туғанына 65 жыл (1944)*
- 5 желтоқсан - Ғалым **Ж.Жиенбаевтың** туғанына 95 жыл (1914-1978)*
- 13 желтоқсан - Ғалым **Е.Ғ.Жақышевтың** туғанына 75 жыл (1934-2000)*
- 13 желтоқсан – Павлодарда **Кеме жасайтын және кеме жөндейтін заводының** ашылғанына 110 жыл (1899)
- 20 желтоқсан - Актер, Қаз.ҚСР Еңбек сіңірген артисі **Ж.Тұрсыновтың** туғанына 95 жыл (1914)*
- 23 желтоқсан - Ақын **П.Васильевтің** туғанына 100 жыл (1909-1937)*
- 25 желтоқсан - **Ертіс №1 көмір кенінің** іске кіргеніне 55 лет (1954)
- 28 желтоқсан - Ғалым **Н.Қ.Демесінованың** туғанына 80 жыл (1929)*

АЙЫ МЕН КҮНІ БЕЛГІСІЗ КҮНДЕР ТІЗІМІ

- Олжабай батырдың туғанына 300 жыл (1709-1783)***
- Шоң Едіге бидің туғанына 255 жыл (1754-1886)***
- Қоғам қайраткері, этнограф және фольклорист **М.Шормановтың** туғанына 190 жыл (1819-1884)*
- Орыс тарихшысы, Павлодар өңірін зерттеген ғалым **Ф.Н.Усовтың** туғанына 170 жыл (1839-1888)
- Екібастұз көмір кендерін алғаш рет ашқандардың бірі **Қ.Пшембаевтың** туғанына 165 жыл (1844-1932)
- Әнші және халық ақыны **Қ.Әлсейітовтың** туғанына 120 жыл (1884-1933)*
- Мемлекет және қоғам қайраткері **Г.Е.Евдокимовтың** туғанына 125 жыл (1884-1936)
- Жазушы **Ж.Аймауытовтың** туғанына 120 жыл (1899-1931) *
- Ақын-импровизатор **Т.Арғынбаевтың** туғанына 120 жыл (1889-1940)*
- ҚазҚСР Еңбек сіңірген әртісі, әнші **Ж.Тоғандықовтың** туғанына 120 жыл (1889-1978)*
- Мемлекет және қоғам қайраткері **М.С.Саматовтың** туғанына 115 жыл (1894-1938)
- Павлодар өңіріндегі алғашқы қазақ дәрігер **А.Сейітовтың** туғанына 115 жыл (1894-1937)*
- Қоғам қайраткері **Н.Тілеубердиннің** туғанына 115 жыл (1894-1971)
- Кеңес Одағының батыры **И.В.Бабиннің** туғанына 110 жыл (1899-1944) *
- Қоғам және мемлекет қайраткері **Ш.Тәукехановтың** туғанына 105 жыл (1904-1968)
- Педагог, скрипкашы, Чайковский атындағы Павлодар музыкалық колледждің алғашқы директоры **Г.Э.Кромердің** туғанына 105 жыл (1904-1982)
- Даңқ орденінің толық кавалері **С.Рубаевтың** туғанына 90 жыл (1919-1945)
- Славгород-Құлынды-Павлодар** темір жолының эксплуатацияға енгеніне

85 жыл (1924).

Лебяжье ауданының құрылғанына 70 жыл (1939)

Успенка аудандық балалар кітапханасының ашылғанына 55 жыл (1954)

Павлодар ДОСААФ мектебінің құрылғанына 55 жыл (1954)

Ұлттық бірінғай тестілеуге 5 жыл (2004)

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің құрылғанына 15 жыл (1994)

Екібастұздағы әлемдегі ең үлкен «Богатырь» көмір разрезінің салынып біткеніне 30 жыл (1979)

Екібастұздағы ГГЭС-1 эксплуатацияға берілгеніне 25 жыл (1984)

"ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР" КҮНТІЗБЕСІНЕ БЕРІЛГЕН ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛАР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

4 қаңтар

**Журналист Төлеубек Ғаббасұлы Қоңыровтың
туғанына 70 жыл (1939)**

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, "Құрмет белгісі" орденінің иегері Төлеубек Ғаббасұлы Қоңыров 1939 жылы 4 қаңтарда Май ауданы, Аршалы ауылында туған.

Орта мектепті ерте бітіріп, еңбек жолын зауытта жұмыскер болып бастады. 1955 жылы 7 қыркүйекте облыстық "Қызыл ту" газетінде корректор болды. 1956 жылы ҚазМУ-ң журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы бітіріп шықты.

Журналистік еңбек жолын Павлодар облыстық "Қызыл ту" газетінде бастап, кейін "Тың өлкесі" газеттерінде аға тілші, 1956 жылдан бастап "Қызыл ту" газетінде (қ. "Сарыарқа самалы") бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

Қырық жылдан аса журналистика мен баспа жұмысында еңбегі жанған журналист. Көптеген мақалалардың авторы. Өлкенің саяси-қоғамдық жұмыстарына қатысып, алдыңғы қатарлы азаматтардың бірі болуда.

Журналист көбінесе экономика, мәдениет салаларына көп көңіл бөлген. Ұлы Отан соғысы жайлы мақалалары көп жарияланған. "Боздақтар" кітап авторларының бірі.

Т.Қоңыров Польша, Болгария, Ресей, Қазақстандағы халықаралық конкурстарға қатысқан. Бұл конкурстарда лауреат атанып, премияларға ие болған. Журналист облысымызда алғашқы мемлекеттік "Құрмет белгісі" орденімен марапатталған.

Көп жылдық еңбегі, ірі табыстары үшін Республикалық Жоғары Кеңесінің құрмет грамотасымен, медальдарымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Жақып М., Қоңыр Т. Ұлылар жүрген жол адастырмайды.- Павлодар, 1999. - 78б.

Қоңыр Т. Аршалы ардақтылары. - Павлодар, 2001. - 196б.

Қоңыр Т. ...Деген екен. - 2002. - 38б.

Қоңыров Тұрағұл. Тұрақты теңеулер сөздігі / Қоңыров Тұрағұл; Мәдениет және ақпарат министрлігі. Тіл комитеті. - Алматы: Арыс, 2007. - 480б.

Қоңыр Т. "Қаныш елі " альбом-кітаптың тұсаукесері. "Қазақтың Қанышы" - оқырман қуанышы // Кітапта: Есімі-ел есінде. - Павлодар, 2000. - 79 - 81б.

Қоңыр Т., Кәрім С. Ағаның соңғы сөздері (Естеліктер). - Павлодар, 2002.-36б.

Қоңыр Т. Есімдегілер (Қысқа әңгімелер) // Сарыарқа самалы. - 1996. - 8 маусым. - 3б.

Қоңыр Т. "Менің бірінші редакторым" // Сарыарқа самалы. - 2002. - 28 желтоқсан. - 6б.

Қоңыр Т. "Өркенде өскен ұрпақпыз" //Сарыарқа самалы. - 2003. - 16 қаңтар. - 19б.

Қоңыр Т. "Ұсатздық еткен жалықпас...": [Май ауылдық кеңесінің депутаты Тегіс Нұрғожаұлы туралы] / Қоңыр Т.; Т. Қоңыр // Сарыарқа самалы. - 2008. - 17 шілде. - 6б.

* * *

Асылбекұлы К. Сурет сыры // Сарыарқа самалы. - 1998. - 31 желтоқсан. - 10б.

Жұматов Ғ. Орденді қаламгер // Сарыарқа самалы. - 1998. - 31 желтоқсан. - 31 желтоқсан. - 10б.

Смағұл Қ. Төкеңе: Өлең // Сарыарқа самалы. - 1998. - 31 желтоқсан. - 1б.

11 қаңтар

Ақын-импровизатор Қимадиден Нығымановтың туғанына 85 жыл (1924-1980)

Қимадиден Нығыманов 1924 жылы 11 қаңтар күні Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Жаңабет ауылында дүниеге келген. Әкесі Нығыман Ертіс өңірінің Естай, Құдайберген сияқты ақындарымен замандас болып, солардың өлең-жырларын айтып, таратып отырған. Шешесі де өлеңге әуес болған. Өнер сүйгіш жан-ұяда өскен Қимадиден де өнерге жастай талпынған.

Қимадиден сегіз жасқа келгенде балалар үйіне оқуға барады. Кейін Павлодардағы он жылдық мектепке келіп, онда оқуын жалғастырған. Ақын он төрт жасынан өлең жаза бастады. 1939 жылы осы мектепте оқып жүргенде алғаш рет "Өткір алмас" деген төрт шумақтан құралған өлеңі басылады.

Он жылдықты аяқтағаннан кейін он тоғыз жасында Отан қорғауға аттанады. Майданда да әдебиеттен қол үзбеген ақын, соғыстан кейін елге оралып, ақындық өнерін жалғастырады. Ақынның өлеңдерін оқығанда оның халықшыл екенін көруге болады. "Алпыс батыр", "Мақаштың ерлігі", "Барлаушы Семей", "Сержант Сембай" дастандары майдан өмірін бейнелейді.

Баянауыл табиғатын жырлағандардың бірі - Қ.Нығыманов ақын. Ол "Баянауыл жырлары" деген өлеңдер топтамасын тамаша жерлерге арнайды. Ақын өлеңдерінде сол кездің ауылы, адамдардың қилы-қилы тағдыры орын алған. Оның "Еділ құрбаны" балладасы, "Дарқан дала", "Дала шұғыласы", "Алпыс батыр" поэмасы оқырман қауымға кеңінен танылып, ыстық ықыласқа бөленген.

Қ.Нығыманов көптеген толғау, арнау өлеңдер жазып, айтыстарға қатысып отырған. Ақын ауыз әдебиетінің нұсқауларын жинаумен айналысты.

Сонымен қатар шежіресі адам болған. Ол Басентин-Ақтілес, оның ішінде қазіргі Жаңатап, Жанабет ауылдарындағы адамдардың шежіресін жасаған.

Әдебиеттер:

Нығыманов Қ. Дала шұғыласы: Өлеңдер мен поэма. - Алматы, 1975. - 39б.

Нығыманов Қ. Соқпақ жол: Өлеңдер мен поэма. - Алматы, 1981 - 56б.

Нығыманов Қ. Өлеңім. Ауылымды сағындым: Өлеңдер //Сарыарқа самалы. - 1994. - 13 қаңтар. - 3б.

Нығыманов Қимадиден. Өнегелі өмір: Өлең / Нығыманов Қимадиден // Айдын. - 2004. - N1. - 22б.

* * *

Нығыманов Қимадиден // Ақын-жыраулар. - Алматы, 1979. – 111 - 112б.

Нығыманов Қимадиден (1924-1980) // Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянаула өңірі. - Павлодар, 1995.- I-ші кітап.- 229 -230б.

Тәліпов Қабдылмәжит. Алтын бесік: Алғашқы алаш мемлекеті, ата-бабаларым, өзім және замандастарым туралы тарихи-шежірелі әңгіме / Тәліпов Қабдылмәжит. - Алматы: Өлке, 1998. - 127б.

Бөжен Б. Баласы Нығыманның Қимадиден // Сарыарқа самалы.- 2003. - 21 қаңтар.- 8б.

Құрманғалиұлы М. Талантты әрі еңбек сүйгіш еді // Сарыарқа самалы.- 1994.- 13 қаңтар.- 3б.

Мұндинов Е. Әр кез жайдары жүруші еді: Естелік // Сарыарқа самалы.- 1994.-13 қаңтар.-3б.

Нығыманова С. Әке өсиеті // Сарыарқа самалы.-1994.- 13 қаңтар.- 3б.

26 қаңтар

Актриса Шолпан Байғабылованың туғанына 60 жыл (1949 жыл)

1949 жылы 20 тамызда Павлодар облысы Қағанұлы ауданы Құркөл ауылында (қазіргі Ақсу елді мекені) дүниеге келген Шолпан Байғабылова – Қазақ еңбек сіңірген әртісі.

КСРО Кіші театрына қарасты 1972 жылы М.Щепкин атындағы Мәскеу театр училищесін бітірген, танымал халық домбырашы Б.Жылқыбаевтың қызы. 1972-1978 ж. Торғай облыстық драма театрында актриса болып, 1980-1991 ж. М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрында, 1991-1998 ж. Қазақтелерадиосының жоғарғы деңгейлі дикторы. 1999 жылдан бастап Ж. Аймауытов атындағы музыкалық-драма театрында актриса. М.Әуезовтың «Айман-Шолпанында», «Еңлік-Кебекте», Мүсіреповтың «Ақан сері - Ақтоқтыда», Э.Вампиловтың «Үлкен ұлында», Ф.Эрфенің «Мадмуазель Нитуш» және басқаларында көптеген тамаша әйелдердің образдарын сомдаған. Павлодар сахнасында Гульбарамның (С.Балгаев «Ең әдемі келіншек»), Реганың (У.Шекспир «Корль Лир»), Күгім-жан (М.Байсерікұлы

«Кене хан»), Түлкі («Қызыл Телпек» ертегі) және т.б. рөлдерде ойнаған. Киноға түскен: «Необычный день» (1972), «Заманай» (1997).

Әдебиеттер:

Қоңыр Т. Әр актрисаның өнерде дара, сара жолы болу керек: [Ж.Аймауытов атындағы облыстық драма театрының актрисасы Ш.Байғабылқызымен сұхбат/әңг.Т.Қоңыр] / Қоңыр Т // Новая газета. - 2004. - 5 ақпан. - 5б.

29 қаңтар

Ақын Бақия Шөкебайұлы Әбдіқадыровтың туғанына 85 жыл (1924)

Бақия Шөкебайұлы Әбдіқадыров 1924 жылы 29 қаңтарда Баянауыл өлкесінде дүниеге келген. Сегіз жасында ақын әкесінен айрылады, анасы басқа жанұя құрғандықтан ақын үлкен ағасы Кұлахметтің қолында тәрбиеленеді. Мектеп партасынан қабырға газеттерін шығаруға белсенді болады. Сегізінші сыныптан бастап ҚазҰУ ректорына журналистика факультетіне қабылдауын сұрап хат жазады. Оған журфактың деканы емтихансыз оқуға қабылдауға уәде береді. 1940 жылы облыстық газет «Қызыл Туда» алғашқы өлеңдері басылады. 1942 жылы соғысқа аттанады, солтүстік-батыс майданындағы ауа-десанттық әскерде, парашют-автомат ротасында болады. 1943 жылы партияға қосылады.

Әскери өмірі Әбдіқадыровтың 1947 жылдың наурызында аяқталады. Журналист тағдыры басталады. 1948 жылы Жамбыл облыстық газетіне жұмысқа тұрады, ал 1954 жылы тың көтеру туралы жазу үшін Көкшетауға көшеді. 1955 жылы тәжірибелі Әбдіқадыров ауданнан Семей облысына көтеріледі. Сол жерде өзінің жұбайы Анна Матвеевамен танысады, 1956 жылы тұңғышы Миржан, бір жылдан соң қызы Тамара, ал 1960 жылы екінші ұлы Руслан дүниеге келеді.

Өзге қалалармен танысып, Әбдіқадыров 1967 жылы туған Павлодар қаласына қайтып келеді. Содан бастап зейнетке шығарға дейін 1984 жылы облыстық «Қызыл Ту» газетінде алдымен бөлім меңгерушісі болып, кейін жауапты хатшысы болып қызмет етеді. Ақсақалдың газеттік стажы 1948-1984 жылдарды құраса, ақынның айтуынша ол туғаннан бері журналист болған. Талапты, мансапкер журналист публицистиканың барлық жанрын меңгерген, ал Шығыс Қазақстан облысында қызмет ете жүріп Зайсан мен Тарбағатай аудандары арасында «Қысқа дайындық» атты тақырыпта айтыс ұйымдастырған.

15 ақпан

Кинорежиссер, актриса Шәкен Аймановтың туғанына 95 жыл (1914-1970)

Шәкен Айманов (Шаһкерім) 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданында Айманбұлақ ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебін бітіріп, Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде, 1932 жылы

Алматыдағы қазақ драма театрына шақырылады. Бала кезінен жездесі Қ.Байжановтың әндерін тыңдап өскен.

Ш.Айманов 1932-33 жылы театрға жұмысқа орналасты. Ол алғашқыда Грамофонов (К.Погодиннің "Менің досымымда", Қодар, Керім ("Абайда"), Алдар Көсе (Ш.Құсайыновтың "Апдар Көсесінде"), Исатай (І.Жансүгіровтің "Исатай-Махамбетінде"), Кассио (У.Шекспирдің "Отеллосында") рөлдерін ойнады. Көп ұзамай Тихон, Великанов (А.Островскийдің "Таланттар мен табынушылар", "Найзағайында"), Шадрин (Погодиннің "Мылтықты адамында"), Кидд (Б.Лавреновтың "Америка даусында"), Бретт (Дж. Гоу мен А.Дюссонның "Терең тамырларында"), Хлестаков (Н.Гогольдің "Ревизорында"), Казанцев (Әуезовтің "Түнгі сарынында"), сияқты классикалық рөлдерді сомдады. Бұл тұлғалар ұлттық сахнамыздың сүбелі табыстарына жатады.

Аймановтың актерлік болмысы тұлғалы, іргелі, көшелі кейіпкерлерді кескіндеуге бейім. Ол қазақ сахнасында романтикалық театр мектебін қалыптастырды. Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло бейнелерін аса зор актерлік машықпен зерледі.

"Мылтықты адам", "Таланттар мен табынушылар", "Намыс соты" аударма пьесаларды сахнаға шығарып, алғашқы режиссерлік қадамын бастады. 1947-51 жылдары Қазақ драма театрының бас режиссері болды. Аймановтың режиссерлік стилінде ұлттық бояу, сахналық айшықты түр іздеуі басым еді. 1949 жылы өз инсценировкасымен қойған "Абай" спектаклінде осы ізденістер анық көрінде. 1952 жылы спектакльге КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ш.Айманов СССР (1959), ҚазССР-ң (1947) халық артисі, 1942 жылдан ҚазССР-ң Еңбек сіңірген әртісі.

Айманов ғұмырының соңына дейін тынымсыз шығармашылық ізденісте жүрді. Өнер сапарымен әлемнің әр қиырында болып, өзі болған ортаның бәрінде қазақ халқының әнімен, өнерімен, дәстүрімен таныстырудан танбаған. Әр түрлі кинофестивальдерде, симпозиумдарда Жан Габен, Жан Марэ, Лоуренс Оливье, Софи Лорен, Ражд Капур, Френк Копра сияқты әлемдік киножұлдыздармен кездесіп, соларға еліктей жүріп, өзі сахнада, кинода ойнаған рөлдерін әлемдік биікке көтере білді.

1953-70 жылдары "Қазақфильм" студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлес қосты. Айманов қойған "Махаббат туралы аңыз" (1953), "Алдар көсе" (1965), "Атамекен" (1966) фильмдерінің бәрінен де ұлттық бояу сезіледі.

Айманов қазақ кино өнерінде де романтикалық-патриоттық мектептің негізін қалады. Оның соңғы еңбегі "Атаманның ақыры" (1970) фильмі режиссерлік талантының шарықтау шоқтығы болды.

Ш.Айманов Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға қатысып, одақ басқармасының 1 хатшысы қызметін атқарды (1958-1970).

Каир қаласындағы Азия мен Африка елдері Халықаралық және Мәскеу қаласында өткен 3-халықаралық кинофестивальдердің (1963) қазылар алқасы мүшесі болды.

Ленин, Еңбек Қызыл ту және т.б. ордендермен марапатталған. Алматының бір әсем көшесіне (1972), "Қазақфильм" студиясына (1984) Ш.Аймановтың есімі берілген. Ол тұрған үй мен студия ғимаратына (1971 ж. осында мұражай кабинеті ұйымдастырылған) мемориалдық тақта орнатылған. Павлодар қаласында Ш.Айманов есімімен аталған көше бар.

Әдебиеттер:

- Айманов Шәкен // Абай. Энциклопедия. - Алматы, 1995. - 65б.
- Айманов Шәкен // Қазақ өнері: Энциклопедия. - Алматы, 2002. – 22 - 23б.
- Айманов Шәкен // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық . - Алматы, 1998. - 2т. – 238 - 240б.
- Айманов Шәкен // "Қазақстан". Ұлттық энциклопедия. - Алматы, 1998. – 136 - 137б.
- Айманов Шәкен // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы,1989. - 4т. - 96 - 97б.
- Кенжетаев К. Дархандарын. - Алматы, 1980. - 152б.
- Кенжетаев К. Шәкен-Жамбыл // Кенжетаев К. Асылдар мен ардақтар: Естеліктер. - Алматы, 2002. - 211- 255б.
- Шәкен Айманов = Шәкен Айманов = Shaken Aimanov: Фотоальбом / А.С.Сәрсенбайұлы, К.К.Кенжетаев. - Алматы: Өнер, 2004. - 160 б. - (Қазақ тарихындағы Ұлы Тұлғалар)
- ШәкенАйманов.23-кітап / С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің Е.Бекмақанов атындағы "Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы"; Орталық директоры А.Ж.Құдабаев. - Павлодар: ЭКО, 2003. - 118б. - (Кереку-Баян кітапханасы;"Рухнама")
- Алдабергенов Қ. Қазақ киносы мен өнерінің жарық жұлдызы: [Ш.Аймановтың туғанына 90 жыл толды] / Алдабергенов Қ // Сарыарқа самалы. - 2004. - 12 ақпан. - 4б.
- Бектасова Г. Айтулы актер Айманов: [Қазақтың еңбек сіңірген өнер қайраткері, атақты актер Ш.Айманов жайлы] / Бектасова Г // Түркістан. - 2004. - 20 ақпан. - 5б.
- Ғабит, Шәкен, Қалибек және басқалар: [белгілі кинотанушы, доцент Раушан Ғазизқызы Оспанова белгілі өнер саласындағы адамдартуралы әңгімесі] / Әңг. Н.Рахманқызы // Қазақ әдебиеті.- 2006. - 14 - 20 сәуір (N15). - 12 - 13б.
- Дүйісмағамбет М. Зәмзәгүл Шәріпова:"Жүрегімді жылытар бір-ақ от бар...": [Қазақстанның халық артисі сахнаның саңлақ шебері Зәмзәгүл Нүсіпбайқызы Шәріпова] / Дүйісмағамбет М // Қазақстан әйелдері. - 2001. - N6. – 4 - 7б.
- Кәпқызы Есенгүл. Шәкен Айманов / Кәпқызы Есенгүл // Түркістан. - 2002. - 21 ақпан. - 7б.
- Қалиев Әнуар. Халық - таланттар көзі / Қалиев Әнуар; Ж.Қалиева.- Павлодар: ЭКО, 2006. - 416 б.

Қалиев Әнуар. Халық - таланттар көзі / Қалиев Әнуар; Ж.Қалиева.- Павлодар: ЭКО, 2006. - 416 б.

Қалиев Қ. Сахна суреткері: [Халқымыздың мақтанышы, театр мен кино өнерінің майталмен шебері Ш.Айманов жайлы] / Қалиев Қ // Сарыарқа самалы. - 2004. - 27 қаңтар.- 6б.

Қаратайқызы М. Айманов әлемі: [Шәкен Аймановтың туғанына 90 жыл] / Қаратайқызы М // Заман-Қазақстан.-2004.- 20 ақпан.- 6б.

Мырзахмет А. "Шәкен" мен "Асанәлінің" жаңа жұлдыздары қашан жарқырайды / Мырзахмет Ақмаржан // Қазақстан-Zaman. - 2007. - 21 қыркүйек. - 6б.

Тарази Ә. Шәкен. Эссе / Тарази Ә // Егемен Қазақстан. – 2004 . - 12 қазан. - 4б.

15 ақпан

"Сарыарқа самалы" газетінің жарыққа шыққанына 80 жыл (1929)

1929 жылдың 15 ақпанында "Сарыарқа самалы" басылымының тұңғыш саны жарық көрді. Бұл газет әуелі "Кеңес туы", кейін "Колхоз" , ал 1939 жылдан 1991 жылға дейін "Қызыл ту" аттарымен шықты.

Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін 1991 жылы газет "Сарыарқа самалы" деген атпен жарық көре бастады. Газет өз дәуірінің тынысын қағаз бетіне түсіріп, жылнамасын жазып келуде.

1960 жылдар басында тың игерген тегістік облыстарына қазақ тілді басылымдардың керегі жоқ деген желеумен газет жабылып қалды. Бұл халқымыздың ұлттық намысына тиген, мәдениетіне көзжұмбайлықпен караған орталық саясатының әсері болды.

"Сарыарқа самалы" редакциясы көптеген қалам шеберлеріне жолдама берген. Еңбек жолдарын осы газетте бастаған қаламдастардың бірқатары кейінде республикаға әйгілі ақын, жазушылар, ғалымдар болды.

Газеттің алғашқы редакторы профессор, филология ғылымдарының докторы Бейсенбай Кенжебаев, кейінгі редакторлар Ғалым Молдыбаев, Хамза Сыздықов, жазушы Әзілхан Нұршайықов, тарлан журналистер Омарғали Құдышев, Сұбыхан Шошанов, 1988 жылдың бел ортасына дейін газетке қол қойған Балтабай Сейсенбеков, Әлімхожа Мұхамеджанов және т.б. редакция қызметінде көп үлес қосып, едәуір еңбек етті.

Қазақтың ақиық ақыны Қ.Бекхожин өзінің қаламгерлік еңбек жолын осы газеттен бастап, 1934 жылғы Қазақстан жазушыларының I съезіне редакциядан жолдама алған. Көрнекті ақын, тәуелсіз Қазақстан Республикасының ән-ұранын жазғандардың бірі Мұзафар Әлімбаев, "Қорлан" шығармасының авторы Естай Беркімбаев, белгілі ақындар Қ.Ыдырысов, А.Шамкенов, Н.Шакенов, Т.Смайылов, Қ.Нығманов, М.Жаманбалинов, Р.Тоқтаров және басқа да көптеген талант иелері және олардың шығармаларымен алғаш рет оқырман қауым осы басылым беттерінен оқи алды.

Газет беттерінде облыс экономикасы, мәдениеті, өнері, экономикалық реформаның жайы, нарықтық қатынастардың дамуы, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелері және т.б. мақалалар жарық көруде.

Әдебиеттер:

- Алғашқы нөмір // Сарыарқа самалы. - 2003. - 13 ақпан. - 4б.
- Әлімбаев М. Тың таланттар тұғыры // Сарыарқа самалы. - 1999. -13 ақпан
- Бәделханов А. Әріптестері өмірін өнеге еткен // Сарыарқа самалы. - 1999. - 13 ақпан.-5б.
- Газеттің әр кездегі редакторлары // Сарыарқа самалы. - 1999. - 13 ақпан. - 3б.
- Газет редакциясы әркез қоныстанған үйлер: Фотошежіре // Сарыарқа самалы. - 1999. - 13 ақпан. - 6б.
- Жұмаділ Ж.С. Редакциядағы әулеттер: Ұмтылмас есімдер // Сарыарқа самалы. - 1999. - 13 ақпан.-6б.
- Қарашашева Д. Хабардан тарих құралады // Сарыарқа самалы. - 1999. - 13 ақпан. - 7б.
- Қоңыр Т. Қалижан Бекхожин тілші ретінде келген -----
Қоңыр Т. Соңына із қалдырған // Сарыарқа самалы. - 2002.- 3 қыркүйек. - 8б.
- Малғаждарұлы Ә. Менің әріптестерім // Сарыарқа самалы.- 2001.- 26 желтоқсан.- 17б.
- ...Шыққың келсе өнер қуып шындарға...// Сарыарқа самалы. - 2003. - 27 ақпан. - 10б.
- "Сарыарқа самалына" - 75 жыл: [Арнаулы басылым саны] // Сарыарқа самалы. - 2004. - 14 ақпан. – 1 - 6б.
- "Айналайын" фестивалі "Сарыарқа самалын" насихаттаған (N2 Ертіс қазақ орта мектебіндегі қорытынды шара) // Сарыарқа самалы. - 2006. - 9 қараша. - 16б.
- Алдабергенов Қ. Биік тұлға: [Халқымыздың мәдениеті мен әдебиетін дамытуға мол үлес қосқан көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы Бейсенбай Кенжебаев туралы] / Алдабергенов Қ; Б.Баткеева // Сарыарқа самалы. - 2004. -16 қазан. - 5б.
- Әбілда Т. Толымды пікір, тұшымды ойлар айтылды: [Өткен аптада облыстық "Сарыарқа самалы" газеті журналистері Екібастұз қаласы және оған қарасты ауыл аймақтарындағы оқырмандармен кездесті] / Әбілда Т; Т.Әбілда // Сарыарқа самалы.- 2006. - 6 маусым. - 2б.
- Әбіш Асыл. "Оқырманының оң бағасын алғанбасылым": ["Сарыарқа самалына"-75 жыл] / Әбіш Асыл // Сарыарқа самалы. - 2004. - 17 ақпан.- 1б.
- Әбіш Асыл. Басылыммен тығыз байланысқа мүдделі: [Сарыарқа самалы" басылымының журналистері Ақсу қаласында] / Әбіш Асыл; Асыл Әбіш // Сарыарқа самалы. - 2006. - 1 маусым. - 3б.

Әділ сөз әркез қымбат: ["Сарыарқа самалы" газетінің белсенді журналистерінің бірі - Жұмат Төлебаев 60 - жаста] // Сарыарқа самалы. - 2006. - 15 маусым. - 6б.

Баймұратұлы Бақыт. Жаңалыққа жаны құштар: ["Сарыарқа самалы" облыстық газетінің бас редакторы, журналист Өскембай Тастемханов жайлы] / Баймұратұлы Бақыт; Бақыт Баймұратұлы // Сарыарқа самалы. - 2007. - 5 сәуір. - 6б.

Бәделханұлы Айтжан. Журналист, ұстаз, ғалым: [Бейсембай Кенжебаевтың туғанына 100 жыл толуына орай] / Бәделханұлы Айтжан // Сарыарқа самалы. - 2004. - 6 қараша. - 4б.

Бөжен Бейбіт. Мерейлі мерекеге арналды ("Сарыарқа самалы" газетінің жүлдесі үшін мини-футболдан жарыс аяқталды) / Бөжен Бейбіт; Бейбіт Бөжен // Сарыарқа самалы. - 2005. - 27 қазан. - 1б.

Дәуренбек Мұхамеджан. Қоғамдық пікірдің көшбасшысы: [Облыстық "Сарыарқа самалы" басылымына 75 жыл] / Дәуренбек Мұхамеджан // Сарыарқа самалы. - 2004. - 12 ақпан. - 6б.

Жұматов Ғ. Университет үлгі көрсетті (С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде "Сарыарқа самалы" газетінің таралымы 1000 данадан асты) / Жұматов Ғ // Сарыарқа самалы. - 2004. - 11 қараша. - 1б.

Жұматов Ғ. Тұрғындармен ашық әңгіме: [Сарыарқа самалы" басылымының журналистері Шарбақты ауданында] / Жұматов Ғалымбек; Ғалымбек Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2006. - 20 маусым. - 2б.

Жұматов Ғ. Тіл бағытында керітартпалар аз емес (Облыстық "Сарыарқа самалы" газетінде өткен "дөңгелек стол" кездесуінен) / Жұматов Ғалымбек; Ғалымбек Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2007. - 8 ақпан. - 4 - 5б.

Кентай Т. Жарты ғасыр ақылшым, әрі сырласым: [Облыстық "Сарыарқа самалы" газетіне 75 жыл] / Кентай Тоғайбай // Сарыарқа самалы. - 2004. - 27 қаңтар. - 6б.

Қоңыр Т. Соңына із қалдырған: ["Сарыарқа самалы" газетінің тарихынан] / Қоңыр Т // Сарыарқа самалы. - 2002. - 3 қыркүйек. - 8б.

Құдышев О. Редактор болу оңай ма? / Құдышев Омарғали // Сарыарқа самалы. - 2004. - 14 ақпан. - 3б.

Молдайып С. Білім мен өнер тізгінін қатар ұстап...: [Сарыарқа самалы" басылымы Май ауданының Жалтыр ауылында] / Сая Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2007. - 27 ақпан. - 5б.

Молдайып С. Ойларын ортаға салды: ["Сарыарқа самалы" басылымының журналистері Павлодар ауданы мен Успенка ауданының оқырмандарымен жүздесті] / Сая Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2006. - 15 маусым. - 6б.

Омаров М. Өңірдің өркенді ісін айшықтаған: [Облыстық "Сарыарқа самалы" басылымына 75 жыл] / Омаров Мұхит // Сарыарқа самалы. - 2004. - 14 ақпан. - 3б.

Рүстемов Ө. Пікір алысып, ой бөлісті: [Осы аптада "Сарыарқа самалы" газетінің журналистер тобы Ақтоғай ауданында болды] / Ө.Рүстемов // Сарыарқа самалы. - 2006. - 20 мамыр. - 2б.

Тастемханов Ө. Әдекеннің басты байлығы (Ардагер журналист Әділбек Жұмаділденов - 80 жаста) / Өскембай Тастемханов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 13 қаңтар. - 6б.

Толғауы тоқсан туған тіл: [Облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің редакциясында облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Т.Ш.Әбілқасымовтың оқырмандармен тікелей байланысы өтті] // Сарыарқа самалы.- 2005. - 7 шілде. - 4 - 5б.

14 наурыз

Ғалым-биолог Еламан Шаханұлы Шахановтың туғанына 65 жыл

1944 жылы Қарағанды облысы Жанарқа ауданы Атасу поселкесінде дүниеге келген Еламан Шаханұлы Шахан ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (1994), биология ғылымдарының докторы (1991), профессор (1992). Павлодар ауданының құрметті азаматы (2001). 1967 жылы Қазақстан мемлекеттік ауылшаруашылық институтының аграном факультетін бітіреді. 1970-71 аспирант, Қазауылшаруашылық институтының оқытушысы, 1971-1973 ж. Кіші ғылыми қызметкер, селекция бөлімінің меңгерушісі, ғылым бойынша директордың орынбасары, ҚазҒЗИ-ның селекция орталығының басқарушысы. 1993-200 ж. Павлодар ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институтының директоры. 2001-2002 ж. А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығының ҚазҒЗИ директоры. Шаханов ауылшаруашылық дән-дақылдардың 12 түрін шығарған: «Ертіс-97», «Толағай», «Прогресс-85», «Қарқара», «Қайнар» т.бК Көптеген ордендер мен медальдармен марапатталынған.

Әдебиеттер:

Не ексең соны орасың: [Академик А.И.Бараев атындағы Қазақтың астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институт директоры, биология ғылымының докторы, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Е.Шахановпен сұхбат /әңг.Б.Амалбек] // Егемен Қазақстан. - 2002.- 16 тамыз. - 12б.

10 сәуір

Ғалым Сахабиден Елубаевтың туғанына 85 жыл (1924)

Елубаев Сахабиден 1924 жылы 10 сәуірде Павлодар облысы Краснокутск (қ.Ақтоғай) ауданы Рассвет ауылында туған. Қазақ математигі, физика-математика ғылымдарының докторы (1984), профессор (1985). 1951 жылы ҚазМУ-ді бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1944-1945 жылдары Павлодар облысы мектептерінде жұмыс істеді. 1971-73 жылдары КСРО ҒА-ң

Сібір бөлімшесінің математика институты мен есептеу орталығында аға ғылыми қызметкер, 1951-61, 1963-71, 1973-86 жылдары Қызылорда педагогика институтында оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1986 жылдан осы институтта кафедра меңгерушісі болды.

Негізгі ғылыми еңбектері математикалық физиканың кері есептеріне арналған. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Елубаев Сахабиден // ҚазССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т. - Алматы, 1988.- 3т.- 217б.

Баймұратұлы Бақыт. Ғалым есімі ескерусіз қалмаса екен: [жерлес ғалым, педагогика ғылымдарының докторы С.Елубаев туралы] / Бақыт Баймұратұлы // Сарыарқа самалы.- 2007.- 31 шілде. - бб.

12 сәуір

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 110 жыл (1899-1964)

Қ.И.Сәтбаев аса көрнекті қазақ ғалымы, геолог, қоғам қайраткері, қазақ ССР Ғылым Академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті (1946), КСРО Ғылым Академиясының және Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі.

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналған. Ғалым Жезқазған кен металлургиясын игеруде, Қарағанды металлургиялық зауытын салуда, Қостанай мен Алтайдың темір және марганец, Алтай кендерін, Қаратаудың фосфорит кендерін тағы басқа да көптеген ірі объектілерді игеруде тікелей араласып, зор еңбек сіңірді.

Ғалым Қазақстанда геологияның төтенше, тіптен, өзгеше дамуы туралы теориялық база жасауды керек етті. Осы жауапты міндетті өзі басқарды. Оның басшылығымен Қазақстан Ғылым академиясының Геология институты Кеңес Одағының аса ірі ғылыми орталықтарының біріне айналды.

Кеңес Одағының ауыр индустриясы құрылған жылдарда Қ.И.Сәтбаев және ол ұйымдастырған коллектив еліміздің мыс рудасы базасын жасауға баға жеткісіз үлес қосты. Оның нәтижесінде қазіргі уақытта Жезқазған дүние жүзілік ірі объектілердің дәрежесіне дейін көтерілді.

Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен және оның тікелей қатысуымен басқа да аса маңызды пайдалы қазба кендерінің тұтас комплексі (марганец, темір және политегалл рудалары, отқа төзімді шикізат, құрылыс материалдары) анықталып барланды.

Қ.Сәтбаев ғылыми өндіріс жұмыстармен қатар, үлкен қоғамдық істерді атқарды. КСРО Жоғары және арнаулы орта білім Министлігі жанындағы аттестация комиссиясы президиумының мүшесі (1946-62), КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Ленин және мемлекеттік сыйлықтарын беру

жөніндегі комитеттің президиум мүшесі, бірнеше рет КСРО және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Депутат ретінде Қ.Сәтбаев зор жұмыстар жүргізді.

Ғалымның мүдделері ешқашан өз мамандығы шеңберінде шектелмеген. Ол еліміздің және Қазақстанның халық шаруашылығын өте жақсы білетін. Қазақстан Халық шаруашылығын дамытудың маңызды шараларының барлығы Қ.И.Сәтбаевтың тікелей қатысуымен шешілді. Ол республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөлді.

Қ.И.Сәтбаев ғылым мүдделері өндіріс қажеттігімен ұдайы ұштасып жатуы керек деген ұғымды дәріптеген жаңа типтегі ғалым болды. Сондықтан да ол республикадағы маңызды-маңызды халық шаруашылығы шараларына - металлургиялық зауыттарды жобалауға, жаңа шахталар туғызуға, тың жерледі игеруге, республиканы сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүдделі жаңа министрліктер мен мекемелер құруға және т.б. жұмыстарға араласып қана қоймай, олардың табысты шешілуіне жағдай жасап отырды.

Қ.Сәтбаев төрт рет Ленин және 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

Әдебиеттер:

- Академик Қ.И.Сәтбаев жерлестері жадында.-Павлодар, 1999.-101б.
- Әлімбаев М. Қаныш Сәтпаев - халық аузында // Әлімбаев М. Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның.-Алматы, 2002.-45-52б.
- Бердібай Р. Кемелдіктің бір қыры // Бердібай Р. Ел боламыз десек...-Алматы, 2000.-265-271б.
- Есімі-ел есінде.-Павлодар, 2000.-264б.
- Исабай Қ. Қаныш аға осындай еді...(Естелік әңгіме).-Алматы, 1999.-124б.
- Қаныш және сұлу саз.-Алматы, 1999.-55б.
- Қаныш Сәтпаев.-Алматы, 1999.-59б.
- Қаныш Сәтпаев (1899-1964) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.-2 т.-Алматы, 1998.-198-200б.
- Нысанбаев Ә. Биіктік. Қаныш Сәтпаев (1899-1964) // Дала даналары.-Алматы, 2001.-597-605б.
- Сәрсекеев М. Қаныш Сәтпаев.-Алматы, 1988.-528б.
- Сәрсекеев М. Қазақтың Қанышы. Роман -эссе.-Алматы, 1999.-592б.
- Сәрсекеев М. Құғындалған "Сәтбаев".-Алматы, 1994.-247б.
- Сәрсекеев М. Туған жердің асылы: Новеллалар.-Алматы,1997.-200б.
- Сәтбаева Ш.Қ. Сәулелі әулет.-Алматы, 1996.-175б.
- Абдулин А. Қазақстан геологиясының атасы // Зерде. - 1999. - N2.-11-12б.
- Айтхожа М. Қаныш ескерткіші қасында: Өлең // Парасат. - 1999. - N5.-40б.
- Аққасов Б. Қаныш Сәтбаев-заңгер // Парасат.- 1999. - N5. - 45б.

- Асимов М.С. Тәжік ғылымының қамқоры // Зерде. - 1999.- N2. – 22 - 23б.
- Арын Е., Нухұлы А. Адамзаттың алыбы - академик Сәтбаев // Сарыарқа самалы. - 2003.-8 ақпан.-4б.
- Батырбеков Ғ. Сәтбаев-фольклортанушы // Зерде. - 1999. - N2. - 27б.
- Бектұров Ә. Ел химиясына елеулі үлес қосты // Зерде.-1999.- N2.-12-13б.
- Белоусов В.В. Соңғы сәттер // Зерде.-1999.- N2.-25-26б.
- Борукаев Р.А. Болашақты болжай білді // Зерде.-1999.- N2.-10б.
- Галузо И.Г. Қай саланың да қамқоры еді // Зерде.-1999.- N2.- 15б.
- Горяев М.И. Ғылымның бағына туған тұлға // Зерде.-1999.- N2.-8б.
- Лизунова Е.В. Рухани салаға да жақын еді // Зерде.-1999.- N2.-23-24б.
- Жанымбет Б. Жақсыдан-шарапат // Сарыарқа самалы.-1999.-12 тамыз.-3б.
- Жәутіков О. Математиктер де Қанышқа қарыздар // Зерде.-1999.- N2.-16-17б.
- Жорабекова З. Қаныш Сәтбаевтың сот қызметі // Сарыарқа самалы.-1999.-12 тамыз.-3б.
- Жұбанов А. Өнерді өгейсіткен жоқ // Зерде.-1999.- N2.-20-21б.
- Жұмабаева Т. Туған жердің асылы // Сарыарқа самалы.-1999.-22 мамыр.-3б.-("Баянтау" газет қосымшасы).
- Жұматов Ғ. Жарқын тұлғалар ордасы // Сарыарқа самалы.-1999.-1 шілде.-9б.
- Зиманов С. Кісілігі биік Қанекен // Зерде.-1999.- N2.-17-18б.
- Исабай Қ. Бір құжаттың сыры // Сарыарқа самалы.-1999.-29 маусым.-3б.
- Исабай Қ. Қазақ жерінің қамы // Егемен Қазақстан.-2003.-22 наурыз.-6б.
- Исабай Қ. Қанекенмен жақын жүрген жылдар // Ана тілі.-1998.-N3б.-
- Исабай Қ. Қанышқа ғашық болған қыз хикаясы // Жас Алаш.-2003.-25 қаңтар.-7б.
- Исабай Қ. Қаныш пен Қажымұқан және ескерткіш тас // Парасат.-1999.-N4.-12-13б.
- Қожанұлы О. Ел есінде // Сарыарқа самалы.-2003.-12 сәуір.-3б.
- Марғұлан Ә. Зерек баладан - заңғар ғалым // Зерде.-1999.- N2.-4-5б.
- Мельников Н.В. Ізденген жетер мұратқа // Зерде.-1999.- N2.-9б.
- Наливкин Д.В. Ғылымның ғұлама басшысы // Зерде.-1999.- N2.-14б.
- Салықов К. Ата, анасы Қаныштың (Лирикалық поэма) // Сарыарқа самалы.-2003.-1 наурыз.-5б.
- Салықов К. Жұлдызы жанған құтты өлке // Сарыарқа самалы.-1999.-27 шілде.-3б.
- Салықов К. Көргенде Сәтбаевті алғашқы рет: Өлеңдер // Зерде.-1999.-N2.-31б.
- Сарсеке М. Ғасыр жобасына жол ашқан ғұлама // Ана тілі.-1998.-6 тамыз

- Сәтбаева Ш.Қ. Мейірімінде шек жоқ еді.- // Зерде.-1999.- N2.-266.
- Серғалиев М. Әдеп: әңгіме // Парасат.-1999.- N1.-28б.
- Смайылов К. "Білім және еңбекке" де еңбегі сінді // Зерде.-1999.- N2.-28б.
- Тайшабарұлы Қ. Баянауыл баласы- ғасыр данасы // Сарыарқа самалы.-1999.-8 мамыр.-4б.- ("Баянтау" газет қосымшасы).
- Хамитова М. Қ.Сәтбаев және Ә.Марғұлан // Сарыарқа самалы.-1999.-8 мамыр.-5б.- ("Баянтау" газет қосымшасы).
- Хахлов В.А. Қаныштың студенттік шағы // Зерде.-1999.- N2.-6-7б.
- Усов М.А. Қазақ сахарасында // Ақиқат.-2003.-N2.-70-79б.
- Шамшырақ // Парасат.-1999.- N5.-28-33б.
- Шөкин Ш. Академияның алғашқы президенті // Зерде.-1999.-N2.-1-3б.
- Айтмағамбетов Е. Тектіліктің бір сыры / Есмұхамбет Айтмағамбетов // Ақиқат.- 2007.- №11. - 64 - 70б.
- Арын Е. Адамзаттың алыбы-академик Сәтбаев / Арин Е, Нухұлы А // Сарыарқа самалы.- 2003.-8 ақпан.-4б.
- Әлима апамыз - академик Қаныштың анасы: [Сағадат Әбікеевтің "Екібастұз әуендері" кітабынан] // Сарыарқа самалы.- 2008.- 12 сәуір.- 4б.
- Баязитов С. Кемеңгер (әңгіме) / Сүлеймен Баязитов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 12 сәуір. - 10б.
- Бықай Ф. Түсінер ниет пен ұлттық рух қажет: [Ресейдің Томь қаласында академик Қ.Сәтбаевқа ескерткіш ашылды] / Фариды Бықай // Егемен Қазақстан.- 2007.- 10 сәуір. - 8б.
- Жұмасұлтанова Ғ. Сәтбаев және елуінші жылдардың басындағы Қазақстанда болған саяси зобалаң / Жұмасұлтанова Ғ // Саясат.-2000.-N10-11.- 115 - 117б.
- Кемелбаева А. Баянтау баурайында өткен форум / Кемелбаева Айгүл // Қазақ әдебиеті.- 2007.- 28 қыркүйек. - 12б.
- Қожанов О. Ғылымның жарық жұлдызы:[Қаныш Сәтбаевтың туғанына - 108 жыл] / Қожанов Оралбек // Сарыарқа самалы.- 2007.- 12 сәуір. - 6б.
- Қожанұлы О. Қанағаң ісі жалғасуда: [Академик Қ.Сәтбаевтың туғанына 106 жыл] / Оралбек Қожанұлы // Сарыарқа самалы.- 2005.- 12 сәуір.- 2б.
- Қожанұлы О. Ғылымға сара жол салған: [12 сәуір - Академик Қ.Сәтбаевтың туған күні] / Оралбек Қожанұлы // Сарыарқа самалы.- 2006. - 11 сәуір. - 3б.
- Марғұлан Ә. Зерек баладан-заңғар ғалым: [Академик Сәтбаев туралы] / Марғұлан Ә // Зерде.-1999.- N2.- 4 - 5б.
- Медеу Сәрсекеев: "Қаныш ұлының ұлықтап, өтті менің ғұмырым...": [жазушы М.Сәрсекемен сұхбат] / Әңг.Айгүл Кемелбаева // Қазақ әдебиеті.- 2006. - 27 қаңтар - 2 ақпан (N4). - 4 - 5б.
- Нухұлы А. Қаныш аға, аңыз аға, абызаға..: [Қаныш Сәтбаевтың туралы] / Нухұлы Алтынбек; Алтынбек Нухұлы // Сарыарқа самалы.- 2008.- 12 сәуір. - 4б.

Нухұлы А. Асыл мұрасын асқақтатқан бабалар: [Кереку жерінен шыққан ұлы адамдар жайлы] / Алтынбек Нухұлы // Сарыарқа самалы.- 2005.- 14 шілде. - 4 - 5б.

Нұрлыбаев Ә. Қаныштың ізбасары: [Кең байтақ қазақ металлогения ғылымының негізін қалаған әлемге әйгілі ғұлама ғалым ҚСәтбаевтың ізбасары академик Арықтай Қайыпов туралы] / Ә.Нұрлыбаев // Егемен Қазақстан.- 2004.-13 қазан.- 5б.

Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар / К.Нұрпейіс; бас ред. Б.Аяған.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.- 375б.- (Тұлғалар)

Салықов К. Ата, анасы Қаныштың: Өлең / К.Салықов // Жас қазақ үні.- 2002.- 6 желтоқсан.- 4 -5б.

Ыдырысов Ә. Мұхтар аға Мұраты: [Мұхтар Әуезов туралы] / Әбілфайыз Ыдырысов // Әдебиет айдыны.- 2007.- 29 қараша. - 4 - 5б.

20 сәуір

Ғалым Георгий Григорьевич Берестовскийдің туғанына 100 жыл (1909-1988)

Ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты (1969), КСРО Лениндік премиясының лауреаты (1972), ҚазКСР-ның еңбек сіңірген ауылшаруашылық жұмыскері (1979). Ұлы Отан соғысының ардагері. 1928 жылы Өскемендегі педагогикалық техникумды бітірді, ал 1931 жылы Темирязов атындағы Мәскеудегі ауылшаруашылық академиясын тәмамдады. Еңбек жолын Ертіс ауданындағы «Суворовский» ауылшаруашылығында аграром болып бастайды (1932). Кейін осы совхоздың директорының орынбасары болады, 1938-43 жылдары Железинка ауданындағы Михайловкада мемлекеттік іріктеубөлімшесінің меңгерушісі болады. Майданда 1943 жылдан бастап. Бірінші Украина майданында соғысады. Пулемет взводының командирі қызметінде 336 мергендер дивизиясының 1128 мергендер полк құрамында Украина мен Польшаны азат етеді. Соғыстан кейін Мемлекеттік комиссияның дәнгерді іріктеуқолданысының инспекторы болып қызмет етеді. 1954-56 жылдары Павлодар облыстық комитет партиясының жерөндеу бойынша ауылшаруашылық бөлімшесінің меңгеруші орынбасары. 1956 жылдан бастап Павлодар облыстық мемлекеттік ауылшаруашылық зерттеу бекетінің тың негізінде құрылған «Кубанский» ауылының директоры. 1962-84 жж. жерді жел эрозиясынан құтқару бойынша зерьеу бекетінің ғылым бойынша директордың орынбасары. Ол 30-дай ғылыми еңбектің авторы. Еңбек Қызыл Ту орденімен, II деңгейлі Отан соғысының Қызыл жұлдызы мен «Құрмет белгісімен», медальдар мен белгілермен марапатталған.

21 сәуір

Ғалым, өлкетанушы Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың туғанына 75 жыл (1934)

Журналист, өлкетанушы, тау инженері, СССР Журналистер Одағының мүшесі (1987), ҚР Журналистер Одағының мүшесі (1994), ҚР Минералды ресурстар Академиясының корреспондент-мүшесі (1997), профессор (2000), Көмір өнеркәсібінің Құрметті қызметкері (1983), Екібастұз қаласының Құрметті азаматы (1995).

Серік Имантайұлы Жақсыбаев 1934 жылы Новосібір облысында туған. Балалық шағы Павлодар өңірінде өткен. 1952 жылы N10 Абай атындағы орта қазақ мектебін бітірген. 1952-1957 жылдары Қазақ кен-тау (қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ҒТУ) институты тау факультетінде оқыды. Кейін инженер және ғалым ретінде барлық еңбек жолын Екібастұзда өткізді.

1980 жылы С.Жақсыбаев «Экономическая эффективность добычи угля с применением роторной техники» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. 1960 жылы Екібастұз жерін игеру және біздің өлке тарихы туралы материалдар жинақтай бастады. 1994 жылы Серік Имантайұлы дәріс оқу қызметінде. Екібастұздың 45 жылдығына арналған А.Жақсыбаевтың "Шаги Экибастуза" атты тарихи очерктер кітабы жарыққа шықты.

Серік Жақсыбаев облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысуда. Ғалым-зерттеуші ретінде Бұқар -Жыраудың 325 жылдық мерей тойын дайындау үкімет комиссиясының мүшесі болды. М.Сәрсекенің "Қаныш елі" кітабына рецензия жазғандардың бірі.

Еңбек және қоғамдық қызметі үшін С.Жақсыбаев үкімет және ведомствалық, оның ішінде Халықаралық бейбітшілікті қорғау комитеті (Париж қ.) медалдарымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Жақсыбаев С. Академиктің еліне келуі // Есімі ел есінде. - Павлодар, 2000.- 72 - 75б.

Екібастұз қарқыны. - Алматы, 2002.- 216б.

Арынтаев Ж. Қазыкен - Кәкітайдың жиені (Кәкітай - Абайдың немере інісі) / Арынтаев Жұмаш; Жұмаш Арынтаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 8 қараша. - 5б.

Жақсыбаев С.И. Қазақтың түп тегі туралы / Жақсыбаев Серік Имантайұлы.- Павлодар: ЭКО,2005.- 144 б.

Жақсыбаев С. "Сарыарқаның кімдікі екендігі" жөнінде: [М.Ж.Көпеевтің қолжазбалары туралы] / Серік Жақсыбаев // Айдын.- 2004.- N4.- (9 желтоқсан.) – 26 - 27б.

Жақсыбаев С. Абылай ханның ардақты батыры: [Малайсары батыр жайлы] / Жақсыбаев Серік // Сарыарқа самалы.- 2004.- 11 қыркүйек.- 6б.

Жақсыбаев С. Абылайкент десек артық па?: [Павлодар қаласының атауы жайында] / Серік Жақсыбаев // Егемен Қазақстан.- 2007.- 13 наурыз. - 1б.

Жақсыбаев С. Аға сұлтан-Ыбырайым Жайықбаев / С.Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2003.-18 қаңтар.-6б.

Жақсыбаев Серік. Бұқар жырау мұрасын зерделейік / С.Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2004. - 6 қаңтар.- 6б.

Жақсыбаев С. Бұқар Жыраудың көрегендігі / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 6 қаңтар. - 4б.

Жақсыбаев С. Исабек ишанды ұлықтайық: [Жандарбек қожаның 100 жылдығына орай] / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2006.- 5 қыркүйек. - 6б.

Жақсыбаев С. Ләулік тас.: [Атақты жерлесіміз,әсем әнші, талантты ақын, дарынды лирик, композитор Е.Беркімбаев туралы] / Серік Жақсыбаев // Айдын.- 2005. - N1. - 86 - 88б.

Жақсыбаев С. Малайсары батырға көше емес, даңғыл лайық / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2003.-14 қазан. - 4б.

Жақсыбаев С. Нарық, рынок деген не? / С.Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2003.- 6 қараша.- 6б.

Жақсыбаев С. Павлодардың аты ойлантады / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2005. - 26 мамыр. - (Газет қосымшасы).

Жақсыбаев С. Пушкин жайлы бір дерек: [Орысақыны А.С.Пушкиннің шығармашылығы жайлы] / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 6 қаңтар. - 5б.

Жақсыбаев С. Ұқыптылыққа үйренер кез жетті (Энциклопедияда қате бола ма?) / С.Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2003.-19 тамыз.-6б.

Жақсыбаев С. Үйлесті ұсынысты қолдайық: [Қазақ батырлар туралы] / Серік Жақсыбаев //Сарыарқа самалы.- 2006.- 12 қыркүйек. - 5б.

Жақсыбаев С. Шыңғыс ханның нақылдары: [Ел аузынан] / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2005. - 28 маусым. - 8б.

Жақсыбаев С. Махаббат хақында / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 30 маусым. - 4б.

Жақсыбаев С. Тылсым құпиялары хақында:[Павлодар облысында өмір сүрген әулиелерді зерттеу керегі мәселе] / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 21 шілде. - 5б.

Жақсыбаев С. Бұқардың әділ жауабы / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 28 шілде. - 4б.

Жақсыбаев С. Мұса Шорманов: [Мұса Шорманов туралы] / Жақсыбаев Серік; Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2008.- 4 наурыз. – 4 - 5б.

Жақсыбаев С. Абылайкент Сізге ұнай ма?: [Павлодардың атауын өзгерту жайлы] / Серік Жақсыбаев // Егемен Қазақстан.- 2008.- 12 шілде. - 4б.

Молдайып С. Екібастұз энциклопедиясы жарыққа шықпақ: [Аталмыш еңбекті жинастырып, реттеп, редакциялауды қолға алған экономика ғылымдарының кандидаты, ҚР минералды ресурстар академиясының мүше корреспонденті, ПаУ-дың профессоры С.И.Жақсыбаевпен сұхбат/әңг.С.Молдайып] / Молдайып С // Сарыарқа самалы.- 2003.-25 ақпан.-5б.

Дәуренбеков М. Инженер, экономист, этнограф... // Сарыарқа самалы.- 1994.- 5 шілде.-2б.

29 сәуір

**Ғалым Маруан Рахметқызы
Танашеваның туғанына 70 жыл (1939)**

Маруан Рахметқызы Танашева 1939 жылы 29 сәуірде Павлодар облысы Железинка ауданы Победа колхозында дүниеге келген. 1964 жылы ҚазМУ-н бітірген. 1965 жылдан ҚазМУ-ң химия факультетінде лаборант, ассистент, аға оқытушы болды. 1974 жылдан доцент. 1989 жылы Қазақ химигі, химия ғылымының докторы атағына ие болды.

Негізгі ғылыми еңбектері анорганикалық қосылыстар түзетін экстрелеу жүйесінің физика-химиялық анализіне арналған. 5 авторлық куәлігі бар.

4 мамыр

**Кеңес Одағының батыры Иван
Васильевич Кутурғаның туғанына 85 жыл (1924)**

Иван Васильевич Кутурга 1924 жылы Павлодар облысы Ертіс ауданы Добромысловка селосында кедей отбасында туған. 1942 жылы қыркүйекте Қызыл Армия қатарына шақырылып, Орел жаяу әскер училищесіне жіберілді. Оқуды аяқтай алмады. 1943 жылғы ақпан айында курсанттармен Брянск майданына аттанды. Белоруссия және Прибалтика жеріндегі ұрыстарда болды. Онда төрт рет жараланды.

1945 жылғы 19 сәуірде Кенигсберге шабуыл жасауға қатысқаны үшін Иван Васильевич Кутургаға Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін И.В.Кутурга офицер болып, Кеңес Одағы Армиясының қатарында көпке дейін қызмет жасады.

Әдебиеттер:

Кутурга Иван Васильевич // Совет Одағының қазақстандық батырлары.- 2т.- Алматы.- 1969.-1т.- 447- 448б.

4 мамыр

**Жазушы, драматург Сәлкен Хасенұлы
Сұбханбердиннің туғанына 95 жыл (1914-1986)**

Сәлкен Сұбханбердин 1914 жылы 4 мамырда Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңажол ауылында туған. 1933 жылы Семей қаласында Қазақстан өлкелік фармацевтика техникумын бітіріп, сол техникумда әуелі оқу бөлімінің меңгерушісі, 1935-1938 жылдары директоры болды. 1938-1944 жылға дейін Алматы N1 дәріхана меңгерушісі болып, кейін республикалық дәріханалар басқармасының бастығы қызметін атқарды.

1944-1945 жылдары Алматы және Талдықорған облыстарының Сарқанд, Октябрь, Гвардия аудандарында атқару комитетінің председателі, 1945-46 жылдары Жамбыл облыстық денсаулық сақтау меңгерушісі болды. 1948 жылы Қазақстан бас дәріхана басқармасының бастығы, Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің коллегия мүшесі болып тағайындалды.

С.Сұбханбердин 1959 жылы Ленин орденді И.М.Сеченов атындағы Москва медицина институтының фармацевтика факультетін бітірген. 1966 жылы фармацевтика ғылымының кандидаттық диссертациясын қорғады. 1968 жылы ғалымға доцент ғылыми дәрежесі берілді.

Ғалым "Здравоохранение Казахстана" журналының редколлегия және КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің "Фармацевтика" журналының редакция кеңесінің мүшесі болды.

С.Сұбханбердин фармацевтика тақырыбына көптеген ғылыми еңбектер, монографиялар жазды. Сонымен бірге драмалық шығарма жазумен шұғылданды. "Шындық", "Сатып алған ауру", "Құсайын аға", "Елжан" және т.б. пьесалары оның "Шындық" (1977) атты жинағына енген.

Екі рет "Құрмет Белгісі" орденімен, бірнеше медальдармен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталған. "Қазақ КСР - ң Еңбек сіңірген фармацевті", "КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі" атақтары берілген.

Әдебиеттер:

Сұбханбердин С. Шындық. Пьесалар жинағы.-Алматы, 1977.-140б.

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Қазақ совет энциклопедиясы.-12т.- Алматы, 1977.-10т.- 459 - 460б.

Субханбердин С.Х. Дәрі-дертке дауа,жанға шипа / С.Х.Субханбердин.- Алматы, 1994 - Т.1- 446б., Т.2.-360б.

Сұбханбердин Сәлкен // Советтік Қазақстан жазушылары: Биобиблиографиялық анықтамалық.- Алматы, 1987.- 582 - 583б.

Әбілев Д. Шындық сыршылы: (медицина ғалымы, жазушы Сәлкен Сұбханбердиннің туғанына 80 жыл) / Дихан баба Әбілев // Қазақ әдебиеті.- 1994.- 29 сәуір. - 12б.

Сұбханбердин С. Ермұхан досым есімде: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.Бекмахановтың туғанына 90 жыл] / Сәлкен Сұбханбердин // Сарыарқа самалы.- 2005.-29 қаңтар.-4б.

10 мамыр

Ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның туғанына 105 жыл (1904-1985)

Марғұлан Әлкей Хақанұлы 1904 жылы 10 мамырда Баянауыл ауданында дүниеге келген.

Қазақ ғалымы, Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық географиялық қоғамының толық мүшесі. Филология ғылымының докторы (1946), ҚазССР ҒА-ң корреспондент мүшесі (1946), академигі (1958), профессор (1960), ҚазССР-ң еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), ҚазССР Мемлекет сыйлығының (1982) және ҚазССР ҒА-ң Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты (1967).

Ә.Марғұлан 1925-31 жылдары Ленинградтың Шығыстану институтын бітірді. 1934 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің Шығыс бөлімшесінде оқыды. 1926-30 жылдары

СССР ҒА-ң Қазақстан экспедициясы құрамында қазақтардың әдет-ғұрып, тұрмысы мен өнерін зерттеді. 1930 жылы ҚазССР Оқу халық комиссариатының жанындағы жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер. 1931-35 жылдары Материалдық мәдениет тарихы жөніндегі мемлекеттік академияның аспиранты, сонымен қатар Шығыстану институтында оқытушы. 1936-38 жылдары СССР ҒА-ң Материалдық мәдениет тарихы институтында ғылыми қызметкер.

Ғалым 1938 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазССР ҒА-да аға ғылыми қызметкер, тарих, археология-этнографиялық институтында сектор, бөлім меңгерушісі. Сырдария, Талас, Шу өзендері бойындағы ежелгі қалалардың орнына алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Тараз, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ мәдениетін зерттеді. Оның басшылығымен Ш.Уәлихановтың таңдамалы (1958) және 5 томдық шығармалар жинағы (1961-72) жарық көрді.

Ә.Марғұлан Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар.- Алматы, 1985.- 368б.

Марғұлан Ә. Зарлы көкекке: Өлең // Таң-Шолпан.-2002.- N5.-124б.

Марғұлан Ә. Эпос тудырған ортаның мәдениетке қосқан үлесі. "Таңбалы тас" жазуы // Қазақ тарихы.-Алматы, 1997.-166-239б.

* * *

Әлкей Марғұлан // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.- Алматы, 1998.- 2т.- 213 - 215б.

Бердібай Р. Марғұлан мұнарасы // Бердібай Р. Ел боламыз десек...- Алматы, 2000.- 371- 375б.

Марғұлан Әлкей // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1988.- 3т.- 349б.

Марғұлан Ә. Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті / Марғұлан Әлкей; Әлкей Марғұлан // Өлкетану.- 2004 - N3. - 8 - 13б.

Марғұлан Ә. Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті / Марғұлан Әлкей; Әлкей Марғұлан // Өлкетану.- 2005. - N1. - 9 - 13б.

Орынбеков М. Маңдайы жарқыраған марғасқа. Әлкей Марғұлан // Дала даналары.-Алматы, 2001.-60б - 61бб.

Сүйіншалиев Х. Әлкей Марғұлан // Қазақ фольклористикасы.- Алматы, 1972.- 232 - 243б.

Академик Марғұланның мұрасы // Ақиқат.-2000.- N2.- 64 - 66б.

Арын., Нухұлы А. Ғылымның майдай-алды майталманы // Сарыарқа самалы.- 2003.-27 мамыр.- 6б.

Атабаев Қ. Тарих пен дерек көзі - фольклор // Қазақ әдебиеті.- 2002.- 2 тамыз.- 6б.

Бисенов Қ. Жоғары оқу орындарына Қорқыт мұралары мен Ә.Х.Марғұлан еңбектерін зерттеу және оны оқу процесінде игеру мәселелері // Қазақстан жоғары мектебі.-2001.- N4 - 5.- 8 -11б.

Олжабай мен Жасыбай // Сарыарқа самалы.-2002.- 29 тамыз.- 76.
Тойшылықова Г. Әлекең әйгіліген деректер // Қазақ тарихы.-1999.- №6.-
20 - 236.

Әсембаева Б. Әлкей Марғұланның алғашқы мақалалары /
Б.Әсембаева // Ақиқат.- 2005. - N4.- 91- 93б.

Байгунаков Д.С. Ә.Х.Марғұлан - көне дәуір зерттеушісі / Байгунаков
Д.С // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы.- 2006.- №3
(42). - 123 - 126б.

Есали А. Ұлттық ғылымның алыбы (Әлкей Марғұланның Алматыда
ескерткіші ашылды) / Есали Айнаш; Айнаш Есали // Егемен Қазақстан.-
2008.- 18 қаңтар. - 10б.

Жолдасбаева К.О. С. Ж. Жодасбаевтың "Жетісу тарихы" атты
еңбегіндегі елді - мекендер тарихы / Жолдасбаева К.О // әл-Фараби атындағы
ҚҰУ хабаршысы. Тарих сериясы.- 2007.- №2 (45). - 36 - 39б.

Зарлы көкекке // Абай.- 2005.-N1.- 35б.

Көмеков Б. Ерен тұлға: [Мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде аталып
өткен заңғар тұлға, ұлтымыздың ұлы перзенті Ә.Х.Марғұлан биыл 100-ге
толды] / Болат Көмеков // Парасат. – 2004 - N11.- 5 - 9б.

Қойгелдиев М.Тылсым әлем: [Мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде
аталып өткен заңғар тұлға, ұлтымыздың ұлы перзенті Ә.Х.Марғұлан биыл
100-ге толды] /Қойгелдиев М; Мәмбет Қойгелдиев // Парасат. - 2004 - N11.-
5б.

Марғұлан Д. Арманы көп еді.: [Мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде
аталып өткен заңғар тұлға, ұлтымыздың ұлы перзенті Ә.Х.Марғұлан биыл
100-ге толды] / Дәнел Марғұлан // Парасат.- 2004-N11.-2-4б.

Мекемені қазақыландыру жұмысына шұғыл кірісу керек: [Әлкей
Марғұланның публицистикасынан] / Дайынд. Б.Әсембаева // Абай.- 2005. -
N1. - 31 - 34б.

23 мамыр

Ғалым Кемел Ақышұлы Ақышевтың туғанына 85 жыл (1924-2003)

Ақышев Кемел 1924 жылы 23 мамырда Павлодар облысы Баянауыл
ауданында туған. Археолог, қазақ археология ғылымының негізін
қалаушылардың бірі. Қазақстан Мемлекет, (1982), ҚР ҒА-ң Ш.Уәлиханов
атындағы арнаулы сыйлықтарының (1966) лауреаты. Германия археология
институтының корреспондент мүшесі (1983), 1989 жылдан Қазақстан
ғылымының еңбек сіңірген қайраткері.

К.Ақышев 1950 жылы қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң,
Қазақстан Ғылым Академиясының жүйесінде: 1955-1990 жылдар аралығында
Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында
аспирант, кіші және аға ғылыми қызметкер, археология бөлімінің
меңгерушісі, 1991 жылдар аралығында Ә.Марғұлан атындағы археология

институтының бөлім меңгерушісі, институттың бас ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді.

2000 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде археология, этнология және әлем тарихы кафедрасының меңгерушісі болды.

Кемел Ақышұлы Ақышевтың есімі Қазақстан тарихының жарқын беттері болып табылатын археологиялық қазба жұмыстарымен тікелей байланысты. Ол 1954 жылдан бастап Қазақстан көлеміндегі солтүстік, оңтүстік және Жетісу археологиялық экспедицияларының ұйымдастырушысы және жетекшісі болды. Көне және ерте ғасырлардағы Қазақстан ескерткіштерін, әлемдік маңызы зор Есік обасынан табылған "Алтын адам" (б.з.б. 5 - 4 ғ.), Бесшатыр (б.з.б. 6 - 5 ғ.), Отырар жәдігерлерін ашып, зерттеді. Қола, ерте темір дәуірлерінің мәдениеттерін кезеңдеу және мерзімдеу мәселелерін анықтады.

Ғалым көне Қазақстан тарихының негізгі тұжырымдарын жасауға белсене қатысты. Орталық Азия өркениеті жүйесінде ежелгі Қазақстанның орнын айқындауға елеулі үлес қосты. К.А.Ақышев есімі біздің елімізде және шетелдерде дарынды археолог, тарихшы ретінде кеңінен танымал. 220-ға жуық ғылым еңбектері, оның ішінде 14 монография жазған. Бірінші дәрежелі Отан соғысы, "Құрмет Белгісі", "Парасат" ордендерінің иегері.

Әдебиеттер:

Ақышев Кемел // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия.- бт.- Алматы, 1998.- 1т.- 236 б.

Айтбаева А. Кемел Ақышұлы Ақышев – қазақтың көрнекті археологі / А.Айтбаева // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. - 2006.- №3 (42). - 144 - 147б.

Кемел Ақышұлы Ақышев: Некролог: [Қазақ археология негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан ғылымына еңбегі сінген қайраткер] // Қазақ әдебиеті.- 2003.-15 тамыз.-15б.

Нухұлы А. Асыл мұрасын асқақтатқан бабалар: [Кереку жерінен шыққан ұлы адамдар жайлы] / Нухұлы Алтынбек // Сарыарқа самалы. - 2005. - 14 шілде. - 4 - 5б.

24 мамыр

Ақын Сәбит Дөнентаевтың туғанына 115 жыл (1894-1933)

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы қазіргі Павлодар облысында шаруа отбасында дүниеге келген. Жас кезінен ескіше хат танып, кейіннен Павлодар медресесінде оқыды. Мұғалім жалдап, орысша сауатын ашады.

1916 жылы патша үкіметінің қазақтарды тылдағы қара жұмыстарға алу жөніндегі жарлығы бойынша Екібастұз шахтасында, кейін Рига маңындағы майдан шебінде окоп жұмыс қазу жұмысында болған.

Туған еліне қайта оралғаннан кейін Семей қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курста оқыды. 1919 -1922 жылдар арасында қазақ ауылдарында мұғалім, халық соты қызметтерін атқарды.

1928 жылдан бастап С.Дөнентаев "Қазақ тілі" газетінің редакциясында жұмыс істеп, барлық күш жігерін қазақ әдебиетін дамытуға жұмсайды.

С.Дөнентаевтың "Қиялым" деген тұңғыш өлеңі 1913 жылы "Айқап" журналында басылып шықты. 1915 жылы Уфа қаласында "Ұсақ-түйек" деген атпен шыққан өлеңдерінің алғашқы жинағы жарық көрді. Ал, 1957 жылы шығармаларының академиялық жинағы шықты.

С.Дөнентаевтың ақындық қызметі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңі- 1912-1918 жылдар арасы, екінші кезең - кеңес дәуіріндегі творчествасы, яғни 1918-1928 жылдар арасы.

Ақынның "Заман кімдікі", "Досқа", "Замандастарға", "Балалық" және т.б. өлеңдері халықтың азаттыққа ұмтылу арманын суреттейтін реалистік шығармалар болды.

С.Дөнентаевтың кеңес дәуіріндегі өлең-жырларында өмір шындығы жан-жақты, кеңінен қамтылған. Ақын шығармалары тақырып, жанр, көркемдігі жағынан да әр алуан болып келеді.

С.Дөнентаев өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, қазақ әдебиетінің өткір сатиралық стильді қалыптастырған ірі суреткер ақын.

Әдебиеттер:

Дөнентаев С. Бозторғай.-Алматы,1989.- 144б.

Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым.-Алматы, 1989.- 304б.

Дарқан дарын // Сүйіншәлиев Х. Саңлақтар сарабы.- 1978.-155 -169б.

Дөнентаев Сәбит // ҚазақССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1989.- 4т.- 218б.

Дөнентаев Сәбит // Советтік Қазақстан жазушылары.- Алматы, 1987.- 182б.

Сәбит Дөнентаев // Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы.- Алматы, 1994.-287-301б.

Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы.- Алматы, 1966.- 207б.

Дөнентаев Сәбит.21-кітап/С.Торайғыров атындағы "Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы";Орт.дир.А.Ж.Құдабаев.- Павлодар: ЭКО, 2003.- 128б.

Сәбит Дөнентаев.21-кітап / С.Торайғыров атындағы Е.Бекмаханов атындағы "Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы";Орталық директоры А.Ж.Құдабаев.- Павлодар: ЭКО, 2003.- 128б.

Жиырмамыншы ғасыр басындағы әдебиет: Жоғарғы оқу орындары фил.журналист.фак.студент.арн.хрестомат.оқу құралы / Құраст. Қ.Ергөбек.- Алматы: Білім, 1994.- 352б.

Жиырмамыншы ғасыр басындағы әдебиет: Жоғарғы оқу орындары фил.журналист.фак.студент.арн.хрестомат.оқу құралы / Құраст. Қ.Ергөбек.- Алматы: Білім, 1994.- 352б.

Кәткенова Ж. Өңірден шыққан тұңғыш журналист: [Сәбит Дөнентаев туралы] / Жадыра Кәткенова // Сарыарқа самалы.- 2008.- 28 маусым. - 5б.

Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы: өнд. толықт., 3-басылым / құраст. Ш. Ахметов; өндеген Б. Қ. Қапасова.- Алматы: Павлодар: Арман-----
--- ?

Мен Сәбиттің шәкіртімін: [Белгілі ақын Өтежан Нұрғалиевпен сұхбат/ Әңг. Ә.Қодар] / Өтежан Нұрғалиев// Тамыр.- 2004.-N1(қаңтар- наурыз).-133-140б.

XX ғасыр басындағы әдебиет / Құраст.,алғы сөзін,өмірбаяндық анықтамалар мен түсініктерді жазған К.Ергөбек.- Алматы: Білім, 1994.- 352бет

Ысқақ Б. С.Дөнентаевтың "Көркемтай" әңгімесіндегі психологизм / Б.Ысқақ // ПМУ хабаршысы. - 2002-N3.-235-241б.

Дөнентаева С. Сыншыл да сыршыл ақын // Ақиқат.- 1994.- N9.- 75 - 76б.

Қабышұлы Ғ. "Бас кетсе де тартында" // Қазақ әдебиеті.-1994.- 3 маусым.- 6б.

14 маусым

Актриса Жанат Ансабайқызы Чайкинаның туғанына 55 жыл (1954)

Жанат Ансабайқызы Чайкина 1954 жылы 14 маусымда Павлодар облысы Ертіс ауданы Иртышск поселкесінде туған. 1961- 1971 жылдары Павлодар қаласының N3 мектеп-интернатында оқыған. 1971 жылы Алматы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның театр факультетіне түсіп, оны 1975 жылы бітірген.

1975 -1996 жылға дейін Талдықорған облыстық драмтеатрында қызмет істеген. Жиырма бір жыл ішінде 50 шақты роль ойнап, 2 рет киноға түскен.

1978 жылы творчестволық жастар байқауының республикалық I дәрежелі дипломымен марапатталған. 1982-1986 жылдары Талды-Қорған қалалық кеңесінің ХҮІІІ және ХІХ сайлау халық депутатылығына депутат болып сайланған. 1991 жылы "Қаз.ССР-нің еңбек сіңірген әртісі" атағына ие болды.

1996 жылдан Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында қызмет істеуде. 1997 жылдан облыстың іскер әйелдер Ассоциациясының мүшесі болып келеді. 1998 жылы VI республикалық театр фестивалінде ең үздік әйел ролі үшін арнаулы сыйлық алды.

Ж.Чайкина көптеген (Ғ.Мүсрепов "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" Баянды, В.Ежов "Соловьинная ночь" Инганы, Т.Ахтановтың "Күшік күйеу" Ботканы, М.Әуезовтың "Қаракөз" (Қаракөз), Ғ.Мүсреповтың "Ақан-сері-Ақтоқты" (Ақтоқты), Б.Майлиннің "Шұға" (Шұға), М.Әуезовтің "Айман-Шолпан" (Шолпан), А.Сейдімбеков, Б.Ұзақов "Күзеуде" (Торғын), М.Байсеркенов "Кене хан" (Күнімжан), Еврунид "Медея" (Медея) ролдерінде ойнады. 1999

жылы А.П.Чехов атындағы Павлодар облыстық орыс драма театрында "Мария Стюарт" спектаклінде Мария Стюарт ролін ойнады.

2000 жылы VIII республикалық фестивалде творчестволық ізденіс үшін арнайы сыйлық алды.

Әдебиеттер:

Әбілдә Қ. Қайта түлеген қара шаңыраққа -10 жыл // Сарыарқа самалы.-2000.-8 желтоқсан.-4-5б.

Жанат Чайкина: "Өнерім жетелеп, еліме оралдым..." // Сарыарқа самалы.-1996.-26 қараша.-4б.

Құрманғалиұлы М. Бір қойылымнан кейінгі толғаныс // Сарыарқа самалы.-1998.-21 сәуір.-5б.

1 шілде

П.И. Чайковский атындағы Павлодар музыкалық колледжінің ашылғанына 50 жыл (1959)

П.И.Чайковский атындағы музыкалық колледж (ол кезде училище) 1959 жылы ашылған. Алғашқы рет оның құрамында барлық жоғы 60 оқушы және 19 педагог болды. Оның негізін қалаушылардың бірі болып Ленинградтық скрипкашы Г.Э.Кромер саналады.

Колледж фортепиано, ішекті аспаптар; үрмелі және соқпалы аспаптар; халық аспаптары, хор дирижерлері, музыка теориясы; ән-күй, сахна, оркестр аспаптары мамандарын даярлайды.

Қазіргі кезде музыкалық колледж нағыз өнер шіркеуіне айналған. Колледжде 60 оқу кластары, кітапхана, фонотека, концерт және спорт залдары бар. Он жыл бұрын алғашқы колледж бітірушілердің бірі, қазіргі кезде атақты суретші болған В.Поликарповтың эскизі бойынша жасалған көрме залы пайда болды.

Оқушылар мен мұғалімдерден құралған 9 творчестволық коллектив бар. Оның ішінде, 4 оркестр: симфониялық, орыс халық инструменттер оркестрі, қазақ халық инструменттер оркестрі, үрлеп ойнау оркестрі мен эстрадалық инструменттер оркестрі. Колледже бес хор коллективі бар: аралас топ, балалар тобы, қазақ тобы және ер балалар тобы. Бұл коллективтердің тарихы осы оқу мекемесі тарихымен байланысты. Бұнда құрылған симфониялық оркестрді 25 жылдай Еңбек сіңірген өнер қайраткері А.А.Меттус басқарған. Халық оркестрінің негізін қалаушылардың бірі-композитор В.С.Ширинкин.

Бұл оқу мекемеде Қазақ ұлттық музыка Академиясының филиалын ашу туралы колледж бен академия арасында келісім шарт жасалған.

Әдебиеттер:

Павлодар музыка училищесі // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1988.- 3т.- 423б.

20 шілде

**Компазитор Анатолий Владимирович
Бычковтың туғанына 80 жыл (1929-1998)**

Анатолий Владимирович Бычков 1929 жылы Павлодар облысы Ақсу қаласында туған. Қазақстанның орыс композиторы, ҚазССР-нің халық әртісі (1986). 1955 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын (Е.Г.Брусиловскийдің композиция класы бойынша) бітірді. 1955-62 жылдары Алматы музыка училищесінде, 1962 жылдан Алматы мемлекеттік консерваториясында педогогикалық қызметпен (проф., 1982) шұғылданды. 1968-73 жылдары Қазақстан Композиторлар Одағы басқармасы төрағасының орынбасары болды.

Бычковтың "Дала арайы" (1967, Е.Рахмадиев және Г.И.Гризбилмен бірге) операсы, "Сәкен туралы аңыз" симфониялық поэмасы (1963), "Ақын әні" (1958; сөзі Жамбылдікі), "Соғыс әндері" (1967), "Жоқтау" (1975) атты симфониялық оркестрге арналған вокалдық және хор циклдері, ән-романстары және т.б. музыкалық шығармалары бар. Сонымен қатар, "Бұл біздің ұлымыз" (1958), "Тыныштық" (1959), "Ана туралы аңыз" (1962), "Ботагөз" (1967) т.б. кинофильдердің музыкасын жазды.

А.Бычков өз туындыларында қазақ фольклорын өзіндік ерекшелікпен шебер пайдалана білді.

Әдебиеттер:

Бычков Анатолий Владимирович // Қазақ өнері: энциклопедия.- Алматы.-2002.-149б.

Бычков Анатолий Владимирович // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.-4т.-Алматы, 1989.- 4т.-189-190б.

11 тамыз

**Орыс Сібір жазушысы мен суретшісі
Антон Семенович Сорокиннің туғанына 125 жыл (1884-1928)**

Орыс Сібір жазушысы мен суретшісі Антон Семенович Сорокин Павлодар қаласында 1884 жылы 11 тамызда дүниеге келген.

Омск қаласындағы ер балаларға арналған гимназияда оқиды, бірақ тәртіпсіз болған соң ХІХ ғасырдың 90 жылдары оқу орнынан шығарылады. 1900 жылы икона жазатын шеберханада оқиды, бірнеше мамандық ауыстырады. ХХ ғасырдың басында әдеби қызметпен айналыса бастайды. Мелодрамалық «Золото» (1904), «Хохот желтого дьявола» (1906), «Смертельно раненые» (1912) романдарының авторы. «Стоны последние» (1914), «О чем плакал Кенжетай» (1915), «Таланты Сибири и золото» (1916), «33 скандала Колчаку» (1926-28), «Симу» (1928) және т.б. әңгіме жинақтары

бар. Оны «Сібір әдебинің Дон-Кихоты» деп атаған. Өзін «Сібір жазушыларының ханымын» деп таныстырған. 1917 жылдан кейін «Рабочий путь», «Настоящий», «Сибирские огни», «Сибирь» газет-журналдарымен қызметтес болған. Омск қаласындағы ғылым, әдебиет, өнер жұмысшы ұйымының, жазушылар ұйымының жетекшісі, өзінің графикалық туындыларының көрмесін құрастырған, өзін және өзінің шығармашылығын жиі жарнамалаған. Павлодар қаласының бір көшесіне Сорокин аты берілген.

.....
20 тамыз

**Журналист және ақын Қажымұрат
Құсанұлы Смағұлдың туғанына 70 жыл (1939)**

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ақын, сатирик Смағұл Қажымұрат Құсанұлы 1939 жылы 20 тамызда РФ Новосібір облысы Қарасуық ауданының Жоғарғы Баян ауылында туған. 1954 жылы жеті жылдық мектепте оқып, оны бітірген соң, Б.Ахметов атындағы педагогикалық училищеге түсіп, 1958 жылы бітіріп шықты.

Қ.Смағұл еңбек жолын қазіргі Ақтоғай ауданының Ақкөл ауылында мұғалімдік қызметінен бастады. Ақын алғаш рет "Қызыл ту" газетінде 1954 жылы жарияланды. Басылым бетінде балауса өлең-жырлары жарық көре бастады. 1962 жылы ҚазМУ-ң журналистика факультетіне түсіп, оны 1967 жылы аяқтайды.

Журналист облыстық "Сарыарқа самалы" ("Қызыл ту") газетінде қызмет істеуде. Әр жылдарда облыстың талай шаруашылықтарында болып, ауыл шаруашылығының тіршілік-тынысын жан-жақты қамтыды. Поэзияны ерекше құрметтеп, үлкен талғаммен қарайтындығының бір себебі де сол, экономикалық бағыттарда қалам тарта жүріп, жыр-толғауларының легін үлкен эпикалық шығармаларға жалғай білді.

Қ.Смағұлдың шығармашылығындағы еселі еңбекті, үлкен әзірлікті танытатын "Жазықсыздар" поэмасы. Көлемі жағынан да, көтерген тақырыбы жағынан шоқтығы биік. Бұл үлкен эпикалық туындыға өзек болған 1937-38 жылдардағы репрессия кезінде жазықсыз жапа шеккен ел азаматтарының қасыретті тірлігі, қайтпас ерлігі. Сол секілді "Тағдырлар", "Батырлық туралы жыр" дастандары да ел басынан өткерген қилы замандармен үндес жатыр.

Жазушыны облыс оқырмандары көбінесе сатира сарбазы ретінде таниды. Бұл "Қалжыңдауға қалайсың?", "Бәрін де біліп жүрміз" деген сын-сықақ топтама кітаптары жарық көргендіктен және "Қышқыл күйіс, мысқыл мүйіс" секілді сынға, әзілге, мысқылға арналған беттерді ұйымдастыра отырып, оған өз шығармашылығымен қатысқандықтан да "Сарыарқа самалының" сықақшысы" атына ие болған.

Ән әлемінің өзінде Қ.Смағұлдың өлеңдері өз орнын табуда. "Ана махаббаты", "Шәкірттер вальсі", "Наурыз келді", "Ұстаздар ұясы" секілді өлеңдеріне сазгер Назымбек Дүкенбай ән жазса, Қайырбек Сатиев "Сарбаздар маршы", "Ағажан-ардағым" туындыларын сахнаға шығарды.

Әдебиеттер:

- Смағұл Қ. Бәрін де біліп жүрміз.- Алматы, 1988.- 64б.
- Смағұл Қ. Тағдырлар.- Павлодар, 2000. - 448б.
- Смағұл Қ. Ауылдастар - бауырластар / Әні: Н.Дүкенбайдікі // Сарыарқа самалы.-1999.-19 тамыз.-4б.
- Смағұл Қ. Бұрсайшы қазақшаға көңілінді / Әні: Н.Дүкенбайдікі // Ертiс дидары.-2001.-25 мамыр.- 4б.
- Смағұл Қ. Маған ыстық Қарасуық: Өлеңдер // Сарыарқа самалы.-1999.-19 тамыз.-5б.
- Смағұл Қ. Ойлар мен шабыт тоғысы: Өлеңдер // Сарыарқа самалы.-2003.-16 тамыз.- 8б.
- Смағұл Қ. Аққу арман қанат қақты: [Лебязжі ауданы Аққу ауылында ұлттық ат спортынан жарыс өткізілді] / Қ.Смағұл Қ // Сарыарқа самалы.-2001.- 10 тамыз.- 1,16б.
- Смағұл Қ. Ана туралы толғау: Өлең / Қ. Смағұл // Сарыарқа самалы.-2002.-14 желтоқсан.- 6б. (Жалғасы келесі сандарда).
- Смағұл Қ. Өмірде өшпейтұғын із қалдырған: өлең] / Қ.Смағұл // Сарыарқа самалы.- 2001.- 25мамыр.- 25б.
- Смағұл Қ. Удың қырсығын уланғанда білеміз: [Павлодар экологиясы] / Қ.Смағұл // Сарыарқа самалы.- 2001.-19 маусым.-3б.
- Смағұл Қ. Ұлы жүрек жаңылма дүрсіліңнен: өлең] / Қ.Смағұл // Сарыарқа самалы.- 2002.-7 маусым.- 8б.
- Смағұл Қ. Биылғы астық көңіл көншітерлік: [Павлодар облысында] / Қ.Смағұл, Ж.Бижан // Сарыарқа самалы.- 2001.-18 қыркүйек.-1- 2б.
- Смағұл Қ. Астықты ауданда: [Ертiс ауданы] / Смағұл Қ // Сарыарқа самалы.- 2001.- 28қыркүйек.- 1- 2б.
- Смағұл Қ. Социалистік еңбек ерінің әңгімесі: [Қабдынасыр Шарбақбаевтың] / Қ.Смағұл // Сарыарқа самалы.- 2001.- 29 маусым.- 27б.
- Смағұл Қажымұрат. Тағдырлар:Өлеңдер / Қ.Смағұл.- Павлодар: НПФ"Эко", 2000.- 448б.
- Смағұл Қ. Тағдыр тауқыметі (Үш көріністі драмалық қойылым) / С.Қажымұрат // Айдын.- 2004.-N1.-17-21б.

* * *

Жұматов Ғ. Таңдаған тұлғалы орын жыр көшінен // Сарыарқа самалы.-1999.-19 тамыз.-4б.

Әміржанұлы К. Қажымұратқа!: Өлең // Сарыарқа самалы.-1999.-19 тамыз.-4б.

"Ауыл тірлігі өз қолымызда": ["Қайырбек" ЖШС-інің төрағасы Тілеубек Байкинмен сұхбат / Әңг.Қ.Смағұл] //Сарыарқа самалы.- 2002.- 13 тамыз. - 4б.

Дүкенбай Н. Керекуім / Сөзі: Қ.Смағұлдікі / Н.Дүкенбай // Сарыарқа самалы.- 2003.- 28 қаңтар.- 4б.

Дүкенбай Н. Туған жер / Сөзі: Қ.Смағұлдікі // Сарыарқа самалы.- 2003.- 15 сәуір.- 4б.

Дүкенбай Н. Сағындым Баянымды / Сөзі: Қ.Смағұлдікі / Дүкенбай Назымбек // Сарыарқа самалы.- 2007.- 3 қараша. - 6б.

5 қыркүйек

Фотограф-өлкетанушы Д.П.Багаевтың туғанына 125 жыл (1884-1958)

Багаев Дмитрий Поликарпович Ресей Федерациясындағы Киров облысында 1884 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келді. Ол – фотограф, өлкетанушы, облыстық өлкетану мұражайының негізін қалаушысы және бірінші директоры. 1901-1903 жылдары Омбыдағы фотограф Коркиннан қысқа мерзімдегі курстарды және 1928 жылы Москва қаласындағы фотокурстарды бітірген. 1905 жылы фотостудияның иесі. 1912 жылы Томбыдағы фотографиялық қоғамының мүшесіне сайланған. 1915-1918 жылдары әскерде қызмет еткен. Павлодар Ертіс өңірінің және Қазақстан бойынша этнографиялық экспедициясының қатысушысы. 1936-42 жылдары «Қазақстанды зерттеу қоғамының» Павлодар бөлімшесінен тығыз қызмет атқарды. 1928 жылдан бастап облыстық және райындық газет беттерінде өлке тарихы, оның ішінде Коряков. Екібастұз, Баянауыл, Майқайың туралы ірі мақалаларын жариялады. 1942-58 жылдары Павлодар облысының өлкетану мұражайының директоры. 1905-58 жылдары облыс пен қаланың жартыжылдық фотошежіресін құрды. Негатив саны 3000-нан көп. Бұрынғы музей ғимаратында мемориалды тақта орналастырылған. 1991 жылы атымен Павлодар қаласының көшесіне аты берілген, 2001 жылы Мұражай үйі ашылды, бюст жасалған.

7 қыркүйек

Актер және музыкант Р.Б.Омаровтың туғанына 90 жыл (1919-1988)

Омаров Рүстем Бейсенұлы 1919 жылы қазіргі Павлодар облысы Лебяжі ауданы Шарбақты селосында туған. 1937-39 жылдары Ленинград музыкалық училищесін оқып, 1954 жылы Алматы консерваториясын бітірді. Музыкант жастайынан домбыра тартуды әкесінен үйренген. Белгілі күйші О.Қабиғожиннің шәкірті болған.

1934 жылдан Қазақтың халық аспаптар оркестрінде домбырашы, кейіннен домбыра тобының концертмейстері және домбырашы қызметін атқарды.

1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан. Кеңес Одағы кезінде оркестр құрамында көптеген қалаларда, шет елдерде болып өнер көрсеткен.

Омаров қазақ халқының күй мұрасына, әсіресе Құрманғазы күйлерін, оның орындаушылық дәстүрін жете меңгерген. Музыкант репертуарында Құрманғазының "Қайран шешем", "Машина", Тәттімбеттің "Саржайлау", Мәменнің "Санау", Динаның "Той бастар" т.б. көптеген күйлері бар.

Омаров Рүстем Бейсенұлы ҚазССР-ң халық әртісі, 1967 жылдан ҚазССР-ң еңбек сіңірген әртісі. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Әдебиеттер:

Омаров Рүстем Бейсенұлы // Қазақ өнері: Энциклопедия.- Алматы, 2002.- 538б.

Омаров Рүстем Бейсенұлы // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1989.- 4т.- 466б.

21 қыркүйек

**Ғалым Х.Арғынбаевтың
туғанына 85 жыл (1924-1998)**

Арғынбаев Халел 1924 жылы 21 қыркүйекте Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Тарих ғылымының докторы (1976), профессор (1982). Ұлы Отан соғысына қатысқан.

1951 жылы Қазақ педагогика институтын бітіргеннен кейін Талдықорған облысы Панфилов қаласында педагогикалық училищеде мұғалім, 1957 жылдан Қазақстан ҒА-ң тарих, археология және этнография институтының кіші, аға ғылыми қызметкері, этнография бөлімінің меңгерушісі, институттың бас ғылыми қызметкері болды.

Қазақ халқының тарихи этнографиясын зерттеуге зор үлес қосты. Осы салада 200-ден астам ғылыми еңбек, бірнеше ғылыми монография жазған.

1959-76 жылдары Қазақстанның бірқатар облыстарына арнайы ұйымдастырылған этнографиялық экспедицияларды басқарды. Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихи - этнографиялық атласын жасауға атсалысты.

Х.Арғынбаев Қазақстандағы этнографиялық ғылымының негізін салған академик Ә.Марғұланның ғылыми мектебі дәстүрін дамытты.

Әдебиеттер:

Арғынбаев Х. Қазақ отбасы.- Алматы, 1996.- 288б.

Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек.- Алматы, 1987.-128б.

Арғынбаев Х., Мұқанов М. Қазақ шежіресі хақында. - Алматы, 2000.- 464б.

Арғынбаев Халел // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1988.- 3т.- 83б.

Арғынбаев Халел // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.- 6т. - Алматы, 1998.-1т.- 429 - 430б.

Арғынбаев Х. Өзбекәлі Жәнібеков-қазақ этнографиясының жанашыры / Халел Арғынбаев // Өлкетану-Краеведение.- 2005.- №3. - 10 - 12б.

Алдабергенов Қ. Тарихтың тарлан білгірі: [Ғалым-этнограф Халел Арғынбаев туралы] / Қ.Алдабергенов // Сарыарқа самалы.- 2004.-30 қазан.6б.

26 қыркүйек

Павлодар көркем мұражайының құрылғанына 45 жыл (1964)

Павлодар облыстық бейнелеу өнер мұражайы – Қаз.ССР Мәдениет министрлігінің бұйрығымен 1964 жылы құрылған Қазақстандағы екінші көркем мұражай. Бұрын мұражай шағын ғана облыстық тарихи-өлкетану мұражайының бөлімінен басталатын. Кейін, екінші Павлодарда бұрынғы мектеп болған мекемеге орналасты. Одан тұрғын үйдің бірінші қабатына көшіп, соңғы рет арнаулы мекеме бөлінді. 1992 жылы мұражай Павлодар көркем мұражайы деп атала бастады.

Мұражайда Москва, Ленинград, Прибалтика қалалары, Алматыдан түскен ХХ ғасыр шығармалары қойылған. Әсіресе, Қазақстан кәсіби бейнелеу өнерінің пайда болу тарихы мен дамуы, ХХ ғасырда жасалған алғашқы Н.Г.Хлудовтың, оның оқушылары-А.Кастеев, Н.Соловьевтің шығармаларынан бастап, қазіргі суретшілер мен графикшілер -К.Телжанов, Г.Исмаилова, А.Галимбаева, С.Айтбаев, С.Романов және т.б. коллекцияларына дейін қойылған. Графика коллекциясы Е.Сидоркин, А.Гурьев, И. Исабаев есімдерімен көрсетілген.

Мұражай жинағында Ресей, Украина, Орта Азия аймақтары, Қырғызстан, Закавказье және Прибалтика суреттері мен графиканың үлкен бөлімдері бар. Ресми өнерден басқа, қорда 20-30 жылдардағы орыс авангарды, 50-60 жылдардағы москвалық авангард, 70-80 жылдардағы өнердің жеке коллекциялары мен шығармалары жинақталған.

Мұражайда жергілікті суретшілердің (А.Бибин, Қ.Баймулдин, А.Гулин, П.Величко, М.Колмогоров, П.Лысенко, В.Мартынцев, Қ.Қаржасов, А.Игембаев, В.Приходько, В.Поликарпов және т.б.) сыйға тартқан еңбектері бар.

Мұражайда үлкен ғылыми-зерттеу жұмыс, көрмелер өтіп, ағарту және басқа да бағдарламалар іске асырылуда. 2000 жылы мұражай халықаралық "Ашық мұражай" ассоциациясына кіріп, ЮНЕСКО қолдайтын Сорос-Қазақстан қор бағдарламалары мен "Сеть", "Наследие" ("Мұра") үлкен жобаның қатысушысы болды.

Әдебиеттер:

Көркем сурет көрмесі ашылды // Сарыарқа самалы.- 2002.- 29 желтоқсан.- 3б.

қазан

Б.Ахметов атындағы Павлодар педколледжінің ашылғанына 80 жыл (1929)

1921 жылы республика халық ағарту комиссариатының шешімімен Өскемен қаласында педкурс ашылып, соның негізінде 1923 жылы педтехникум қалыптасты. Қазақстан Ағарту Орталық атқару Комитеті 1929 жылы бұл оқу орнын Павлодар қаласына ауыстырды. Ол кезде 4 негізгі класс пен 1 дайындық тобында 90 оқушы ғана оқыған. Сол жылы қазақ балалары үшін тағы бір дайындық тобы ашылды. Кейін 1937 жылы педтехникум үш жылдық педагогикалық училище болып құрылды. 1930 жылы педтехникум облысымыздың жеті жылдық мектептері үшін алғашқы 51 түлектеріне жолдама берді.

Бейсен Ахметов атындағы педагогикалық колледж Павлодар қаласында 1929 жылы ашылған тұңғыш орта арнаулы оқу орны болып табылады. Бастапқы кезде техникум, кейін училище, бертінде колледж мәртебелерін иелеген 75 жылдық тарихы бар.

Павлодар педтехникумының ең бірінші түлектерінің бірі-Бейсен Ахметұлы Ахметов (1929-1933). ҚР Еңбек сіңірген мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше медальдар мен ордендердің иегері, Павлодар қаласының құрметті азаматы болды.

Б.А.Ахметов училищеге көп еңбек сіңірген. 1946-1972 жылдар арасында училищеде қызмет етті. 1996 жылы педколледжге Б.Ахметов есімі берілді. 1946-48 жылдары оқу орнын филология ғылымының докторы, профессор Г.А.Мейрамов басқарды. Сол сияқты физика-математика ғылымының кандидаты С.Ы.Ыбыраев, ҚР Еңбегі сіңірген мұғалім Р.А.Молдабекова, филология ғылымының кандидаты З.Э.Гуттенлохер т.б. болды.

Ұлы Отан соғысында училищенің үйіне әскери госпиталь орналасты да, училище уақытша Семиярка ауылына көшірілді. 1941-45 жылдары оқытушылар құрамы көп өзгерді. Күндізгі бөлімде оқитын оқушылар саны елеулі түрде қысқарды. Сол кезгі жағдайларға байланысты еңбектен қол үзбей оқитын болды. 1941 жылы сырттай оқитын 250 оқушы мезгілінен ерте бітіріп, ауыл мектептеріне жіберілді.

1972 жылдан 1989 жылға дейін училище директоры, "Құрмет Белгісі" орденінің иегері С.Қ.Құспанов училище ісін жақсарту жолында көп жұмыстар атқарды. 1936 жылы училище қазақша оқитын топтар ашты да, 1992 жылы қазақ бөлімі қалыптасты.

Педколледжде жүздеген оқытушы жұмыс істейді. Бұлардың ішінде бұрынғы одақтық, республикалық халық ағарту ісінің үздіктері, орденділері де бар. Олардың көбі өз пәнінің майталман шеберлері.

Әдебиеттер:

Жұмабаева Қ. Алпыстың асқарында // Қазақстан мұғалімі.- 1989. - 28 сәуір

Жұмабайқызы Қ. Білім ордасына-65 жыл // Сарыарқа самалы. - 1994. - 5 қараша

Жұмабайқызы Қ. Ұстаздар ұясы // Сарыарқа самалы.- 1999.- 2 қараша.- 4б.

Қани А. Сурет сырына үңілсек... // Сарыарқа самалы. - 1999. - 4 қараша. - 10б.

Нұрсейіт М. Жастық шақ өткен орда // Сарыарқа самалы. - 1999. - 2 қараша. - 4б.

Тәрбие жұмысы өз жемісін береді // Сарыарқа самалы. - 1996. - 1 қазан
Компьютер сыныбы ашылды: [Б.Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінде "Компьютерлік сауаттылық" курстары жұмыс істейді] // Егемен Қазақстан.- 2007.- 2 тамыз. - 10б.

1 қазан

Ғалым, қоғам қайраткері Ж.Ахметовтың туғанына 90 жыл (1919-2003)

Ахметов Жұмабай (1919-2003) – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ұстаз, Ұлы отан соғысының ардагері. 1938 жылы Семейдегі педагогикалық училищені, ал 1960 жылы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтты бітірді. 1938-40 жылдары Қашыр районында орта мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі. 1946-52 жылдары Михайловск, Максим-Горький райкомының меңгерушісі. 1952-57 жылдары Ертіс, Цюрупинск райкомының екінші хатшысы, 1957-60 жылдары Баянауыл райкомының бірінші хатшысы.

1960-69 жылдары Павлодардың облыстық және қалалық комитетінің меңгерушісі, мұғалімдерді жетілдіру институтының директоры, №12 орта мектептің директоры. 1969-90 жылдары ҚазКСР ағарту Министрлігінің мектептерді басқару бастығы, Абай атындағы ҚазПИ-ге қарасты мектептердің кәсіби деңгейін көтеру факультетінің деканы. Ленин, Ұлы Отан соғысының ордендерімен, медалдарымен марапатталған.

1 қазан

Лебяжі ауданының құралғанына 70 жыл (1939)

Бұрын Семей губерниясына қараған Бесқарағай ауданы 1939 жылы 1 қазаннан Бесқарағай, Лебяжі, Май аудандары болып үшке бөлінеді. Жер көлемі 8,1 мың км². Тұрғын халық саны 19,6 мың адам (1999). Ауданда ірілі-ұсақты 15-16 көлдер, 20-25 бұлақтар бар. Аудан көршілес Алтай өлкесімен, Семей облысымен, осы облыстың Шарбақты, Павлодар аудандарымен шектеседі. Облыс орталығынан Омбы-Алматы-Семей автожолымен байланысады. Жері-сары топырақты, құмдауытты, топырағында ылғал ұзақ сақталынбайды. Орманы Алтай өлкесімен шектеседі. Екі орман шаруашылығы бар. Олар 160 мың гектар жерді алып жатыр. Ауданның негізгі бағыты – қой шаруашылығы. Аудан радиация қауіпті зонасына жатады. Климаты континенталды. Қаңтардағы орташа температурасы -17° -

-18° С, шілдеде +20° +21°С. Даласында қасқыр, қоян, суыр, саршұнақ; суында үйрек, қаз тіршілік етеді. Территориясында 11 ауыл-аймақ бар: Лебяжі, Вочсточный, Жамбыл, Қазын, Қызылағаш, Қызыләскер, Майқарағай, Майлыбай, Шақы, Шербакты, Ямышев. 1940 жылдан бері «Аққу күйі» деп аталатын аудандық газет шығады. Ауданда ауыл шаруашылық –өнімдерін шығарумен айналысады 10 ауылшаруашылығы, 172 шаруа қожалықтары, 4332 жеке шаруашылықтары бар.

2001-2002 жылдары ауданда 25 күндізгі жалпы орта мектеп, оның ішінде 14 мектеп қазақ тілді, 1 мектеп орыс тілді және 10 мектеп аралас.

Лебяжі ауданы-бүкіл дүние жүзіне танымал, Азияны зерттеугі белгілі ғалым Г.Н.Потанин, ғұлама жазушы Всеволод Ивановтың отаны.

Әдебиеттер:

Нар тұлға: Ғалым, мемлекет қайраткері Айып Қисаұлы Құсайыновтың өнегелі өмір жолы жайындағы естеліктер / Құраст. А.Ғ.Рамазанов.- Алматы: Көк-Аспан - Қара Жер, 2002.- 362 б.

Павлодар облысының топонимиясы: Лебяжі ауданы ("Прометей" бағдарламасы бойынша) = Топонимия Павлодарской области : Лебяжинский район (В рамках программы "Прометей").- Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2005.- 147 б.

Қайдаров Н. Лебяжі ауданының тарихы /1939-1999/ :Ауданның 60жылдығына арналады / Н.Қайдаров.- Павлодар, 1997.- 196б

"Біз жарқын болашақтың баспалдағында тұрмыз": [Лебяжі ауданының әкімі Н.К.Әшімбетовпен сұхбат/әңг.А.Алақанұлы] // Сарыарқа самалы.- 2003.- 30 желтоқсан.- 3б.

Апсалықов С. Көкейкесті мәселелер жоқ емес: [Лебяжі ауданының хал-жағдайы туралы] / Серік Апсалықов // Сарыарқа самалы.- 2006.- 2 қараша. - 3б.

Ауыл қайта ашылған мәдениет үйіне риза: [Жуырда Лебяжі ауданының Жамбыл ауылында мәдениет үйі қайтадан қалпына келтірілді] // Сарыарқа самалы.- 2007.- 1 желтоқсан. - 1, 3б.

Аяғанов М. Тұрғындарды жайылымнан айырып тынды (Аққу ауылындағы нәтижесіз жобаға кім кінәлі?) / Мұрат Аяғанов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 6 қараша. - 3б.

Әбілдә Қ. Идеологиямен қарулану және кедейшілікпен күрес: [Өткен аптада облыс әкімінің орынбасары Р.Жұмабекова ханым Успенка селосында Лебяжі, Павлодар, ----- ?

Успенка және Шарбақты аудандарындағы тұрғындарды еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдері мен басқармалары қызметкерлерімен аймақтық семинар-кеңес өткізді] / Қ.Әбілдә // Сарыарқа самалы.- 2003.- 4 наурыз.- 4б.

Баймолдин Е. Оташы, сынықшы, емші: [Павлодар облысы Лебяжі ауданына қарасты Қорт ауылының тумасы емші Мерғалым ағай жайлы] / Е.Баймолдин // Сарыарқа самалы.- 2006. - 22 сәуір. - 4 - 5б.

Баймұратов Б. Қазақ мектебі ашылды: [Лебяжі ауданы Шарбақты ауылдық округінің Жабағылы ауылында] / Баймұратов Б; Б.Баймұратов // Сарыарқа самалы.- 2005. - 27 қазан. - ("Туған тіл" қосымша бет)

Баймұратұлы Б. Ауылда мәдениет ошағы ашылды: [Лебяжі ауданы Қызыл әскер ауылдық округінің орталығы Қара ауылында] / Бақыт Баймұратұлы // Сарыарқа самалы.- 2005.- 10 ақпан.-1б.

Баймұратұлы Б. Қайта түлеген Қарақала: [Лебяжі ауданы Қарақала ауылының қазіргі жағдайы туралы] / Бақыт Баймұратұлы // Сарыарқа самалы.- 2005. - 3 желтоқсан. - 5б.

Бөжен Б. Жаңа МТС-тің пайдасы көп: [Лебяжі ауданы Қызыләскер селолық округі Шабар ауылында "Агро Сервис Аққу" МТС-і ашылды] / Бейбіт Бөжен // Сарыарқа самалы.- 2005. - 23 шілде. - 1б.

Бығай Ф. Клуб үйі (Кезінде ол тиынға ғана сатылып кеткен еді. Бүгін оны жаңа қожайынның бергісі жоқ): [Павлодар облысындағы клуб үйлердің мәселесі жайлы] / Бықай Фарида // Егемен Қазақстан.- 2007.- 31 қаңтар. - 4б.

Бықай Ф. Қарақалаға қоңырау шалыңыз: [Павлодар облысы Лебяжі ауданындағы Қарақала ауылына АТС-М200 және ИТМ-30 телефон байланыс желісі іске қосылды] / Фарида Бықай // Егемен Қазақстан.- 2006. - 1 ақпан. - 6б.

Бықай Ф. Саңлақтар ауылда тұрады: [Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызылқоғам ауылындағы өткен спорт жарысы туралы] / Бықай Фарида // Егемен Қазақстан.- 2006. - 5 қаңтар. - 4б.

Жайықбаев Н. Берекелі істер жалғасын табады: [Облыс әкімі Қ.Нұрпейісовтің қатысуымен Лебяжі ауданының Аққу ауылында аудан әкімі С.Әпсалықовтың қорытынды есеп беру кездесуі өткізілді] / Нұрбол Жайықбаев // Сарыарқа самалы.- 2008.- 7 ақпан. - 3б.

Жайықбаев Н. Ауылда ұялы байланыс тиімді (Қашыр ауылында "Beeline" эксклюзивті салоны ашылды) Нұрбол Жайықбаев // Сарыарқа самалы.- 2008.- 7 ақпан. - 12б.

Жәдік А. Амангелді мектебі қайта ашылды: [Лебяжі ауданы Шоқтал ауылында] / А.Жәдік // Сарыарқа самалы.-2003.-11 қазан.-1- 2б.

Жәдік А. Аудан тойы: [Лебяжі ауданына -65 жыл] / А.Жәдік // Сарыарқа самалы.- 2004.-14 қыркүйек.- 3б.

Қайкенқызы А. Симментал бұзаулар алытуда: [Лебяжі ауданы Қызылағаш ауылында] / А.Қайкенқызы // Сарыарқа самалы.- 2003.- 6 наурыз.- 5б.

Қобдабай А. Ауылдың аяқ алысы, ауданның тұрмыс барысы: [Лебяжі ауданы бүгінгі күй-жайы туралы] / Қобдабай Айбек // Сарыарқа самалы.- 2002.- 26 қараша.- 5б.

Қобдабай А. Шенеуніктер мемлекеттік тілгеқашанғы шекесінен қарайды? / А.Қобдабай // Сарыарқа самалы.- 2003.-30 қаңтар.-2б.

Қыдыр Е. Хал қалай, қазақы қазы?: ["Егемен Қазақстан" журналистері жұмыс сапарымен Павлодар облысы Лебяжі ауданында болды] / Е.Қыдыр // Егемен Қазақстан.- 2003.- 28 наурыз. - 2б.

Малға бай Малыбай: [Лебяжі ауданы Малыбай ауылы жайлы]

// Сарыарқа самалы.- 2005. - 2 тамыз. - 4 - 5б.

Молдакәрімова М. Халықтық педагогикаға мән беріп...: [Лебяжі ауданында] / Майкен Молдакәрімова // Сарыарқа самалы.- 2006. – 28 наурыз. - 6б.

Мұқанов С. Н. "Қалатұз-Жәміш" этнографиялық-археологиялық кешені: [Лебяжі ауданында этнографиялық- археологиялық кешенінің зерттеу мақсатымен жасалған алғашқы қорытындылар жайлы] / С.Мұқанов // Өлкетану.- 2004 - №3. - 160 - 165б.

Смағұл Қ. Аққу арман қанат қақты: [Лебяжі ауданы Аққу ауылында ұлттық ат спортынан жарыс өткізілді] / Смағұл Қ // Сарыарқа самалы.- 2001.- 10 тамыз.-1,16б.

Смағұл Қ. Социалистік еңбек ерінің әңгімесі: [Қабдынасыр Шарбақбаевтың] / Қ.Смағұл // Сарыарқа самалы.- 2001.- 29 маусым.- 27б.

Сманов Ж. Қолда бар игілікті сақтап, дамыта беру -мұрат: [Облыс әкімі Ғ.Жақиянов Лебяжі ауданындағы"Дәурен" шаруа қожалығында болды] / Ж.Сманов // Сарыарқа самалы.- 2001.-21 тамыз.-1-2б.

Тағайындау: [Павлодар облысы әкімінің өкімімен Әпсалықов Серік Кәрімжанұлы Лебяжі ауданының әкі болып тағайындалды] // Сарыарқа самалы.- 2006. – 30 наурыз. - 1б.

Тастемханов Ө. Грант алған ауыл (Көп кешікпей мұнда мәдениет үйі ашылады): [Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округінде] / Ө.Тастемханов // Сарыарқа самалы.- 2003.-25 желтоқсан.-3б.

Түгелбай Г. Биылғы фестивальдің соңғы "аялдамасы": [Қазақстан халқының өнері мен мәдениетіне арналған ХІ облыстық фестиваль керуенінің кезекті "аялдамасы" Луганск ауылы болды] / Гүлжайна Түгелбай // Сарыарқа самалы.- 2007.- 27 қараша. - 3б.

Шаяхметов Ә. Қауіпсіздік органында 40 жыл еңбек етті: [Отставкадағы полковник Д.Ә.Тастен жайлы] / Әділханұлы Шаяхметов // Сарыарқа самалы. - 2005.- 15 ақпан.- 7б.

12 қазан

Жауынгер, полковник Ә.Баймолдиннің туғанына 100 жыл (1909-1944)

Әбілқайыр Баймолдин Павлодар облысы Лебяжі ауданындағы Тақыр ауылында, кедей шаруа отбасында 1909 жылы қазан айында дүниеге келген.

1924 жылы комсомол қатарына өтіп, ауылдағы сан алуан қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Комсомол, пионер ұйымдарының басшы қызметінде болады.

Аудандық партия комитеті Әбілқайыр ағаның болашағынан зор үміт күтіп, Семейдегі партия -Кеңес мектебіне оқуға жібереді. Оқуды бітірген соң Павлодар аудандық комитетінің хатшысы болып тағайындалады. 1928-31 жылдары комсомолда жұмыс атқара жүріп, партия қатарына мүшелікке өтеді.

1931 жылы Кеңес Армиясы қатарына өз еркімен сұранып барады. Соғыс өнерін үйренуге жан-тәнімен шынайы кірісіп, еліне қайтпастан Алматыдағы атты әскер полкінде қызмет етіп қалады. 1938 жылы Хасан көліндегі ұрысқа қатысады. Әбілқайыр Баймолдин "Ерлігі үшін" медалімен марапатталған.

1939-1941 жылға дейін Москвада В.И.Ленин атындағы әскери-саяси академияда оқыған. Жан-жақты жетілген, көрнекті әскери-саяси жетекші болған.

Баймолдин екі соғысқа қатысып, ерліктерімен көзге түскен: 1937-38 жылдары жапон самурайларына қарсы, 1941 жылдың шілдесінен 1944 жылдың қаңтарына дейін неміс басқыншыларына қарсы майданда ерлік танытты.

Подполковник Баймолдин бастаған дивизия Невель қаласының маңындағы Изочи станциясы үшін болған қыран кескі ұрыста өршелене қарсыласқан гитлершілерді тас-талқан қылып жеңеді. Баймолдин осы ұрыста снаряд жарылысынан қаза тапты.

1944 жылы ақпан айында Кузьев деревнясын, Изочи станциясын жаудан азат етудегі көрсеткен ерлігі үшін "Қызыл Жұлдыз" және жауынгерлік Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды.

Ұлы Жеңістің 30 жылдығы қарсаңында гвардия подполковнигі Ә.Баймолдинді мәңгі есте сақтау үшін Павлодар қаласының атқару комитеті 1-ші Водопроводная көшесіне батыр есімін берді. 1999 жылы туған жері Восточный совхозы Баймолдин атындағы шаруашылық болып, орта мектеп, көшелер батырдың атымен аталды.

Әдебиеттер:

Құрманов С. Әбілқайыр және оның ақбоз аты // Сарыарқа самалы.-2003.- 8 мамыр.-4б.

Наурызбаева Қ. Батыр аға // Сарыарқа самалы.-1999.- 28 қазан.-10б.

Шевченко В. Батыр Баймолдин // Сарыарқа самалы.-1998.-3 ақпан

Шевченко В. Бұл Невельдің түбінде болған еді // Сарыарқа самалы.-1996.- 13 тамыз.- 3б.

13 қазан

Ғалым К.М.Мұқановтың туғанына 80 жыл (1929)

Мұқанов Көшер 1929 жылы 13 қазанда Павлодар облысы Май ауданы Құркөл селосында туған. 1953 жылы Москва геология барлау институтын бітірген. 1962-61 жылдары СССР ҒА-ң Рудалы кендер геологиясы институтында кіші, аға ғылыми қызметкер болды. 1962 жылдан ҚазССР ҒА-ң институтында геохимиялық лабораторияның меңгерушісі. Геология-минералогия ғылымының докторы.

Негізгі ғылыми еңбектері рудалық геохимия, пайдалы қазбаларды іздеудің геохимиялық тәсілдері, жеке элементтердің геохимиясы мәселелеріне арналған.

Әдебиеттер:

Мұқанов Көшер // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1988.- 3т.- 383б.

Қоңыр Т. Профессордың кітабы // Сарыарқа самалы.-1997.-12 сәуір

16 қазан

Май ауданының құрылғанына 70 жыл (1939)

Май ауданы Павлодардың оңтүстік-шығысында орналасқан. Аудан көлемі 18,1 мың км², халық саны 16,9 мың адам (1999). Оңтүстік-шығысында Шығыс Қазақстанмен, оңтүстік-батысында Қарағанды облысымен, батысында Баянауыл ауданымен және Ақсу қаласының ауылдарымен шектеседі. Солтүстігінде Ертіс өзенімен Аққу ауданымен айрылған. ҚазКСР-ның Кеңесінің жоғарғы Президиумының жарғысымен 1939 жылы 16 қазанда құрылады. Аудан полигонның қауіпті радиациялық зонасына жатқызылған. Ауданда қазақтар, орыстар, татарлар, неміс т.б. ұлттар тұрады. Аудан территориясында 11 ауыл: Көктөбе, Ақжар, Ақшыман, Баскөл, Кентубек, Қазан, Қаратерек, Май, Майтүбек, Малайсары, Саты. 1930 жылдан бастап «Шамшырақ», ал 1955 жылдан бастап «Маяк» атты аудандық газеттер шығарылады.

Аудан рельефі төмпешік-тегіс. Аудан пайдалы қазбаға бай: антрацитке қасиетімен жақын көмір, табиғи құрылыс материалдары, саз, мрамор, әктас, охра. Ауа райы тез континенталды. Ауданда Ертіс, Тундік өзендері, Қарасор, Алдамерген,Жанатұз, Ақбота, Шақпақтұз, Үлкентұз көлдері бар. Даласында қасқыр, түлкі, қарсақ т.б. тіршілік етеді. Аудан орталығы Көктөбе Павлодар қаласынан 120 км. алшақ Ертіс өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан. Көктөбе апрқылы Ақсу-Делеген теміржолдары, Павлодар-Шаған-Семей автожолдары өтеді.

Аудан шаруашылығы – қой өсіру, етшаруашылығы, жылқы табындығы және дән дақылдарды өсірумен де айналысады. Негізгі шаруашылығы – мал өсіру.

Әдебиеттер:

Қоңыр Т. Аршалы ардақтылары / Т.Қоңыр; Ред. Қажымұрат Құсанұлы Смағұл.- Павлодар: "ЭКО"ҒӨФ, 2001.- 194б.

Пішенбаев Қ. Өмір белестері (естелік) / Пішенбаев Құдайберген.- Алматы, 1997.- 191б.

"Келер күннен кемелділік күтемін...": [Май ауданының әкімі Тоқтар Мұбаракөвпен сұхбат / Әңг. Б.бөжен] // Сарыарқа самалы.- 2005. - 24 қараша. - 6б.

Арынтаев Ж. Дінін берік ұстанған еді: [Май ауданындағы Қабыш молда жайлы] / Арынтаев Жұмаш; Жұмаш Арынтаев // Сарыарқа самалы.- 2008.- 1 сәуір. - 4б.

Аудан имамдары не тындырып жүр?: [Май ауданында] // Руханият.- 2007.- 2 шілде. - 1, 3б.

Ауыл ажарланатын күн жақын": [Май аудандық почта байланысы торабының бастығы Т.Тілеуленовпен сұхбат / Әңг.Ж.Сманов] // Сарыарқа самалы.- 2003.- 15 сәуір. - 2б.

Әбіш А. Ақшиманда айтарлықтай игілік көп.: [Май ауданы Ақшиман ауылы жайлы] / Асыл Әбіш // Сарыарқа самалы.- 2007.- 7 маусым. - 16 - 17б.

Әбіш А. Көктөбеде құрылыс қарқынды: [Май ауданында] / Асыл Әбіш // Сарыарқа самалы.- 2007.- 3 шілде. - 1б.

Әбіш А. Ауданда ең өзекті де өткір мәселе – су (Бейсенбі күні облыс әкімі Қ.Нұрпейісов Май ауданының орталығы Көктөбе ауылында болып, аудан әкімі Е.Айткеновтің тұрғындар алдындағы қорытынды есептік кездесуіне қатысты) / Асыл Әбіш // Сарыарқа самалы.- 2007.- 3 ақпан. - 1, 3б.

Баймұратұлы Б. Павлодардың негізі-қимақ: [Қимақ қағанатының қаласы Павлодар жерінен табылды] / Б.Баймұратұлы // Сарыарқа самалы.- 2001.- 2 қазан.-2б.

Баймұратұлы Б. Жұмыскер ауылындағы тұңғыш мешіт: [Май ауданы] / Бақыт Баймұратұлы // Сарыарқа самалы.- 2005. - 11 қазан. - 6б.

Бөжен Б. Құтты мекен: [Май ауданы Қаратерек ауылы туралы] / Бейбіт Бөжен // Сарыарқа самалы.- 2005. - 8 желтоқсан. - 5б.

Бөжен Б. Көктөбеге жаңа мектеп керек: [Май ауданында] / Бейбіт Бөжен // Сарыарқа самалы.- 2005. - 3 желтоқсан. - 4б.

Бықай Ф. Көктөбедегі қазақ мектебін кім салып береді?.: [Павлодар облысындағы Май ауданының Көктөбе ауылындағы қазақ мектебі мәселесі] / Фарида Бықай // Егемен Қазақстан.- 2007.- 20 сәуір. - 12б.

Жайықбаев Н. Көпшілік көкейіндегі көп ойды ақтарды: [Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов Май ауданына барып, аудан әкімінің тұрғындармен есептік кездесуіне қатысты] / Нұрбол Жайықбаев // Сарыарқа самалы.- 2005. - 8 ақпан.- 2 - 2б.

Жайықбаев Н. Облыстық мәслихаттың депутаты Асылхан Тәңірбергенов: "Ел мүддесі – бірінші кезекте" / Нұрбол Жайықбаев // Сарыарқа самалы.- 2006. - 13 сәуір. - 5б.

Жұмаділов Е. Сенатор сенімді ақтады: [Парламент Сенатының депутаты, павлодарлық Жақай Нұрғалиев қозғау салуымен Көктөбе ауылында мектеп ашылды] / Еркін Жұмаділов // Егемен Қазақстан.- 2006. – 25 наурыз. - 3б.

Кафизова Г. "Жеңіске жетуге әркім де үмітті": [Май ауданының әкімі Ернұр Айткеновпен сұхбат / Әңг. Г.Кафизова] / Гүлжан Кафизова // Сарыарқа самалы.- 2006.- 30 қараша. - 4б.

Кәпқызы Есенгүл. Кішкентай ауылдың үлкен трагедиясы: [Павлодар облысында полигоннан зардап шеккен Май ауданы жайлы бірер сөз] / Кәпқызы Есенгүл // Түркістан.- 2002.-23 мамыр.-5б.

Қани Арман. Малайсарыдан май артық па? / Арман Қани // Ертіс дидары.- 2008.- 30 сәуір. - 7б.

Қасымов М. Экологияға жете көңіл бөлінбеген: [Павлодар облысы Май ауданында] / М.Қасымов // Сарыарқа самалы.- 2001.- 21 тамыз.- 3б.

Кафизова Г. Қырық жылды еңсерген емдеу мекемесі: [Май аудандық аурухананың 40 жылдық мерейтойы өтті] / Г.Кафизова // Сарыарқа самалы.- 2006.- 30 қыркүйек. - 7б.

Қоңыр Т. Он сегізінде от кешіп...: [Май ауданы Ақжол ауылының тұрғыны соғыс және еңбек ардагері Рәшит Смағұлов туралы] / Төлеубек Қоңыр // Сарыарқа самалы.- 2005.- 11 қаңтар.- 6б.

Қоңыр Т. "Ұсатздық еткен жалықпас...": [Май ауылдық кеңесінің депутаты Тегіс Нұрғожаұлы туралы] / Т. Қоңыр // Сарыарқа самалы.- 2008.- 17 шілде. - 6б.

Қызырқызы Б. Тері илеп, кәдеге жаратуда: [Май ауданы Кеңтүбек ауылындағы "Ақжар-өндіріс" жеке меншік шаруашылығы жайлы] / Б.Қызырқызы // Сарыарқа самалы.- 2003.- 29 наурыз.- 4б.

Қызырқызы Б. Шаруа қожалығы қайтсе аяғынанқаз тұрады?: [Май ауданында] / Б.Қызырқызы // Сарыарқа самалы.- 2003.- 25 желтоқсан.- 3б.

Май ауданы: игі өзгерістер кезеңі // Сарыарқа самалы.- 2003.- 7 маусым.- 3б.

Май ауданының әкімі Тоқтар Мұбарақов: "Жүрегі таза болуы керек..." / Жазып алған: Б.Бөжен // Сарыарқа самалы.- 2005. - 29 желтоқсан. - 4б.

Молдайып С. Он саусағынан өнер тамған: [Май ауданы Жалтыр ауылының тұрғыны көп балалы ана Зейнеп Байжасарованың шеберлігі жайлы] / Сая Молдайып // Сарыарқа самалы.- 2007.- 20 ақпан. - 1б.

Молдайып С. Көктебеде қазақ мектебі салынды: [Май ауданы Көктөбе орталығында] / Сая Молдайып // Сарыарқа самалы.- 2006. - 16 наурыз. - 3б.

Мұхтаров С. Қастерлеп еске алды: [Қайса Нұрғазыұлының туғанына 120 жыл толуының тойлануы туралы] / С. Мұхтаров // Сарыарқа самалы.- 2008.- 2 тамыз. - 4б.

Мұхтаров С. Түгін тартсаң, майы шыққан Майтүбек: [Май ауданына қарасты Майтүбек ауылының өмір-тіршілігі жайлы] / Серік Мұхтаров // Сарыарқа самалы.- 2006. - 27 сәуір. - 4б.

Сманов Ж. Ақсу ажарланып, май мамырланатүскендей: [Жуырда облыс әкімі Ғ.Б.Жақиянов мырза Ақсу және Май аудандарына іссапармен барды] / Ж.Сманов // Сарыарқа самалы.- 2001.- 2 қазан.- 2б.

Сманов Ж. Ауыл тірлігінің түйінді тұстары аталды:[Облыс әкімінің орынбасары Ж.Ж.Нұрғалиев бастаған облыстық департаменттер мен басқармалар тобы Май ауданына барды] / Ж.Сманов // Сарыарқа самалы.- 2003.- 13 қыркүйек.- 2б.

Сманов Ж. Бағытынан таймаса, болашағынан үміт көп: [Облыс әкімі Май ауданында болып қайтты] / Ж.Сманов // Сарыарқа самалы.- 2003.-29 қараша.-2б.

Тағайындау: [Облыс әкімінің өкімімен Мүбәрақов Тоқтар Мүбәрақұлы Май ауданының әкімі болып тағайындалды] // Сарыарқа самалы.- 2003.-25 ақпан.- 1б.

Дамет Бабылбекқызы Қарашашева 1949 жылы 21 қазанда Краснокутск ауданы (қ.Ақтоғай) Шідерті ауылында туған. 1966 жылы Ақкөл орта мектебін аяқтап, 1972 жылы Семей пединститутының химия-биология факультетін бітірген.

1972 жылдан Ақкөл орта мектебінде мұғалім, оқу-тәрбие беру бөлімінің меңгерушісі жұмыстарын атқарды. 1977 жылы Екібастұз аудандық "Алға" газеті редактор орынбасары болып тағайындалды. 1980-1982 жылдары Алматы Жоғары партия мектебінде оқыды. 1982 жылы Қазақстан компартиясы Екібастұз аудандық комитетінің насихаттау мен үгіттеу бөлім меңгерушісі болып тағайындалды.

1985 жылы Екібастұз аудандық "Алға" газетінің редакторы болды. 1994 жылы Екібастұзда ашылған "Атамұра" ұлттық орталығының негізін қалаушылардың бірі - Д.Қарашашева осы орталықта әдіскер болып жұмыс істеді. 1999 жылы облыстық "Сарыарқа газетінде" корреспондент, 2002 жылы облыстық радионың бас редакторы қызметін атқаруда.

Әдебиеттер:

Қарашашева Д. Сезім серпіні / Д.Қарашашева.- Павлодар: ЭКО, 2005.- 288 б.

Қарашашева Д. Байғабылдың домбырасы: [Кереку және республика көлеміне таныс әнші Байғабыл Жылқыбаевтың домбырасы туралы бірер сөз] / Д.Қарашашева // Сарыарқа самалы.- 2001.- 25 мамыр.- 28б.

Қарашашева Д. Жарты ғасыр ізгілік жолында: [Екібастұз қ. А.Құнанбаев атындағы мектеп жайлы] / Д.Қарашашева // Сарыарқа самалы.- 2004.- 28 қазан.- 4б.

Қарашашева Д. Гүлден, жайна туған жер, Павлодарым: Өлең / Д.Қарашашева // Сарыарқа самалы.- 2003. - 25 қараша.- 4б.

Қарашашева Д. Әңгімесін тындай бергең келуші еді: [Жандарбек кожаның туғанына -100 жыл] / Д. Қарашашева // Сарыарқа самалы.- 2006.- 7 қыркүйек. - 16б.

Садыр Б. Мемлекеттік тіл жүлдегерлері марапатталды: [оның арасында Павлодар облысытқ радиосының журналисі Дәмет қарашашева бірінші орынға ие болды] / Б.Садыр // Егемен Қазақстан.- 2007.- 23 маусым. - 5б.

4 қараша

Қазақ әншісі С.Ә.Әбусейітовтың туғанына 80 жыл (1929-1992)

Аты әлемге әйгілі өнер қайраткері, даңқты жерлесіміз, қазақ эстрадасының жұлдызы, ҚР Халық әртісі, әнші, актер, композитор Суат Әуезбекұлы Әбусейітов 1929 жылы 4 қарашада Павлодар облысы Баянауыл ауданы "Жаңажол" ауылында туған. Әншінің ән айту өнеріндегі алғашқы ұстазы әкесі Әуелбек аға болған. Ол 1936-1944 жылдары қаладағы Абай атындағы нөмірі 10 қазақ орта мектебінде оқыған.

Суат Әуезбекұлы он бір жасында әйгілі әнші, халық композиторы, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Естай Беркімбайұлымен бірге ел аралап, өнер көрсеткен. 1949 жылы Алматы консерваториясының вокалдық факультетін бітірді. 1945-55 жылдары "Қазақфильмде", 1955-63 жылдары ән-би ансамблінде, 1963 жылдан қазақ телевизиясы мен радиосының эстрадалық оркестрінде соло-әнші болды.

Әншілік өнерге бала жастан әуес болып, көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысады. Атақты өнер шебері Ш.Аймановтан көптеген халық әндерін үйренген. Әншінің репертуарында қазақтың халық әндері ("Екі жирен", "Жеңеше"), қазақ композиторларының ("Тербеледі тың дала", "Алатау", "Баянауыл", "Ауылым"), орыс классиктері П.И.Чайковский және Н.А.Римский-Корсаковтың романстары ("Неліктен", "Айтпаймын ешкімге", "Отырған едік екеуміз"), сондай-ақ орыс совет композиторларының әндері ("Ойнашы баяным", "Жалғыз гармонь", "Далалай") бар.

С.Әбусейітов өзінің 40 жылдық еңбек жолында қазақ радиосының алтын қорына екі жарым мыңдай ән, романс, ариялар жазып қалдырыпты.

Қазақ өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан әншінің есімін қадір тұтқан жерлестері 1997 жылы әнші тұрған Алматыдағы үйінің қабырғасына мрамордан тақта орнатты. Павлодар қаласындағы музыка мектептерінің біріне оның есімі берілген.

Әбусейітов 1957 жылы Москвада өткен Бүкілодақтық және дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты атанып, "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Әбусейітов Суат Әуезбекұлы // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1989. - 4т. - 138 - 139б.

Әбусейітов Суат Әуезбекұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.- бт.- Алматы, 1998.- 1т.- 620б.

Қалиев Қ. Әнші Суат // Сарыарқа самалы.-1999.- 9 қараша.- 4б.

5 қараша

Жазушы-этнограф А.Е.Новоселовтың туғанына 125 жыл (1884-1918)

Александр Ефремович Новоселов 1884 жылы 5 қарашада Павлодар облысы Железинка ауылында дүниеге келді.

Александр Ефремович Новоселов – жазушы-этнограф, қоғам және саяси қайраткер. 1896-1901 жылдары Сібір кадет корпусында оқиды, бірақ соңғы емтихандарын тапсырмай оқу орнынан кетіп қалған. Железинка ауданына келісімен оқытушы дәрежесін алу үшін тез арада емтихан тапсырады. 1903-1907 жылдары ауыл мұғалімі, Сібір казак әскерінің Омск қалалық пансионатының тәрбиешісі. Осы жылдардан бастап Омск қаласындағы газет пен журналдарда әдеби шығармаларын баса бастайды. Ең танымал шығармасы М.Горькиймен жоғары бағаланған «Боловодье» туындысы. Орыс-географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі,

Алтай мен Қазақстанға көптеген этнографиялық шерулер жасаған. Жарияланған жұмыстарының ішіндегі ескісалтты Алтайдан басқа қызықты мақала болып «Ертіс казактары» мақаласы болып табылады. Ақпан революциясынан кейін эсерлер партиясына түседі, 1917 жылдың наурызында Омск коалициялық комитетіне сайланады. Қыркүйектің соңында Ақмола облысындағы Дала генерал-губернаторының Уақытша Үкіметінің комиссары болады. 1917 жылы Г.И.Потанин басқарған Сібір облысының Уақытша кеңесіне қабылдайды. 1918 жылдың қаңтарында Сібір автономды Уақытша Үкіметінің құрамына кіреді. 1918 жылдың қыркүйегінде Омск гарнизонының басқармасының нұсқаулығымен тұтқындалады. Сот пен тергеусіз өлім жазасына кесіледі.

6 қараша

**Суретші Н. Нұрмұхамедовтың
туғанына 85 жыл (1924-1986)**

Нағымбек Нұрмұхамедов 1924 жылы 6 қарашада Семей губерниясы, қазіргі Павлодар облысында Баянауыл ауданында туған.

ҚазССР-ң Халық суретшісі (1974). 1963 жылдан ҚазССР-ң еңбек сіңірген өнер қайраткері. Өнертану ғылымының кандидаты (1961), СССР Суретшілер Одағының мүшесі (1954). Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1940-42 жылдары Алматы театр көркемсурет училищесінде, 1947-53 жылдары Ленинградтағы кескіндеме, мүсін және архитектура институтында оқыды.

1961 жылы А.М.Герасимовтың шеберханасы бойынша СССР Көркемсурет Академиясы жанындағы аспирантураны бітірді. Қондырғылы кескіндеменің әр түрлі жанрында жұмыс істеп, сюжетті картина саласында "Даладағы өрт" (1959-63), "Әкем келе жатыр" (1960), "Бес қаруың сай болсын" (1965) т.б. болды. "Кеңес Одағы әскери теңіз-флотының адмиралы И.С.Исаков" (1964-65), "Кеңес Одағының батыры М.Ғабдуллин" (1969) портреттерін, "Теміртау су қоймасы" (1959), "Алатау беткейінде" (1966) пейзаждарын салды.

Суретші шетел сапарынан кейін бірнеше сурет серияларын жасады. "Фудзияма тауы" (1973) суреті бүкілодақтық және республикалық көрмелерге қатысты. Жеке өзінің 7 көрмесі болды.

Нұрмұхамедов еңбектері Канада, Бельгия, Югославия, Финляндия елдерінде сурет көрмелеріне қойылды. "Еңбек даңқы" топтама еңбегі үшін Қаз.ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді (1978).

Қазақстанның бейнелеу өнері жөніндегі бірнеше кітаптар мен альбомдардың авторы. 2-дәрежелі Отан соғысы, "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Нағым-бек Нұрмұхамедов: Альбом.-Алматы, 1987.- 136б.

Нұрмұхамедов Нағымбек // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1989.- 4т.- 460 - 461б.

Нұрмұхамедов Нағымбек // Қазақ өнері: Энциклопедия.-Алматы, 2002.- 532б.

Жұртбаев Т. Өмірдің үш сабағы // Жұлдыз.-1984.- N-4.- 176 - 180б.

Кәкенұлы Ж. Бауырқанған бояулар: [Белгілі қазақ суретшісі Нағымбек Нұрмұхамедов туралы] / Ж.Кәкенұлы // Егемен Қазақстан.- 2004.- 10 қараша.- 8б.

7 қараша

Ақын М. К. Жаманбалиновтың туғанына 85 жыл (1924)

Ақын Мүбәрак Жаманбалинов 1924 жылы Павлодар облысы Железинка ауданы Тәттімбет ауылында туған. 1931 жылы ата-анасы Новосібір облысына көшіп келген.

1939-1941 жылдары орта ауылшаруашылық Ординск мектебінде оқыды. МТС-те учаскелік агроном болды. Сырттай Омск орыс-қазақ педучилищесін бітірген. Үш жыл Зыбылғы бастауыш мектепте жұмыс істеді.

Алғашқы "Айнабұлақ" жинағынан бастап, М.Жаманбалинов туа жаралған балалар ақыны екенін көрсетті. Халық жырларындай қысқа да қарапайым, нақты да жеңіл, көңілді, көркем дүниелер жасады. Балажанды, сәби жүректі сабырлы ақын аз жазса да, балдырғандардың көп оқитын, сүйікті сырласы болды. "Балақан мен долана", "Екі сараң", "Сабақ алдында", "Айна мен Теке", тағы басқа жырлары көңіл сергітіп, көкірек көзін ашады.

Ақын көп жылдар Павлодар облыстық («Қызыл ту» газетінде қызмет істеді. Жазушы осы кездің өзінде жас бүлдіршіндерді ұмытқан жоқ. Көптеген аңыз-ертегілер жазды. Елдік пен ерлікті, адалдық пен адамгершілікті, қамқорлық пен қайырымдылықты жырлады.

М.Жаманбалинов шығармашылығының үлкен бір қыры -журналистік еңбек. Республикамыздың түкпір -түкпірінде "Қазақ тілі" ұйымдары құрылмай жатып, облыстық "Қызыл ту" ("Сарыарқа самалы") газеті беттерінде ана тіліміздің өзекті мәселелері, мектеп проблемалары тұрғысында материалдар жазды. "Қазақ тілі" қоғамы өмірге келісімен Жаманбалинов тілдің аясын кеңейту мәселесімен тікелей айналысты.

Қазақстан Жазушылар Одағының, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Әдебиеттер:

Жаманбалинов М. Ақшам.- Павлодар, 1999.- 204б.

Жаманбалинов М. "Әйгілі аудан - Ертісім".- Павлодар, 1998.- 396б.

Жаманбалинов М. Балғын гүлдей балақан.- Алматы, 1974.- 183б.

Жаманбалинов М., Бәделханов А. Түгел батыр және оның ұрпақтары.- Павлодар, 1998.- 128б.

Жаманбалинов М., Дүйсенбиев Ә. Өлеңдер, ертегілер.- Алматы, 1992.- 432б.

- Жаманбалинов М. Жауқазын.-Таңдамалы.- Павлодар, 2001.- 208б.
- Жаманбалинов М. Ақыға салып сараптасақ // Сарыарқа самалы.- 2002.- 20 қыркүйек.- 4б.
- Жаманбалинов М. Аштық апаты-қазақтарды құрту саясаты // Сарыарқа самалы.-2001.-29 маусым.- 2б.
- Жаманбалинов М. Қалауын тапса, қар жанар... // Сарыарқа самалы.- 2002.- 14 маусым.- 7б.
- Жаманбалинов М. Мұхаметжан би (1867-1950) // Сарыарқа самалы.- 2002.- 26 желтоқсан.- 16б.
- Жаманбалинов М. Мықтылардың мықтысы / М.Жаманбалинов. Не деу керек? / Ә. Дүйсенбиев.----- ?
- Сылдырмақ / Ж. Смақов. Көшпелі тымақ / Ж. Кәрбозин / Жаманбалинов Мүбәрак. - Алматы: Жазушы, 2003.- 159б.- (Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы)
- Жаманбалинов М. Ақшам: Өлеңдер / Ж.Мүбәрак. - Павлодар: НПФ"ЭКО", 2000.- 204б.
- Жаманбалинов М. Аштық азабы / Жаманбалинов Мүбәрак; М.Жаманбалинов.- Павлодар: НПФ"ЭКО", 2004.- 204б.
- Жаманбалинов М. Ашық күн: Өлеңдер,ертегілер,жұмбақтар / Жаманбалинов.- Алматы: Жалын, 1984.- 239б.
- Жаманбалинов М. Әйгілі аудан - Ертісім / М.Жаманбалинов; Техредактор А.Бәделхан.- Павлодар: ЭКО
- Жаманбалинов М. Балғын гүлдей балақан: Өлеңдер. Жұмбақтар. Жаңылтпаштар. Ертегілер. Мысалдар. Дастандар / М.Жаманбалинов.- Алматы: Жазушы, 1974.- 184б.
- Жаманбалинов М. Ертіс лебі: Өлеңдер жинағы / М.Жаманбалинов.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1963.- 88б.
- Жаманбалинов М. Жайнаған өңір,қайнаған өмір (Железинка ауд.) / М.Жаманбалинов; ред.алқасы А.М.Қанафина, Г.Б.Нұрахметова, А.Бәделхан.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 226 б.
- Жаманбалинов М. Жауқазын:Таңдамалы өлеңдер / М.Жаманбалинов - Павлодар, 2001.- 208б.
- Жаманбалинов М. Түгел батыр және оның ұрпақтары / М.Жаманбалинов; А.Бәделханов. - Павлодар, 1998. - 121б.
- Жаманбалинов М. Балтабаева (Оспанова) Ғалия Құсайынқызы / М.Жаманбалинов // Жаманбалинов М. Әйгілі аудан-Ертісім.- Павлодар, 2003.- 134б.
- Жаманбалинов М. Балтабай Ғалия Құсайынқызы // Жаманбалинов М. Жайнаған өңір, қайнаған өмір.- Павлодар, 2005.- 148б.
- Жаманбалинов М. Түгел батыр және оның ұрпақтары (тарихи аңыздар,шешендік толаулар,шежіре-деректер) / М.Жаманбалинов, А.Бәделхан.- толықтырылып екінші басылуы.- Павлодар: ЭКО, 2006.- 130 б.
- Жаманбалинов М. Мықтылардың мықтысы / М.Жаманбалинов.Не деу керек? / Ә.Дүйсенбиев.Сылдырмақ / Ж.Смақов.Көшпелі тымақ / Ж.Кәрбозин

/ Жаманбалинов Мүбәрак. - Алматы: Жазушы, 2003.- 159б.- (Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы)

Жаманбалинов М. Аштық азабы / М.Жаманбалинов.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 204 б.

Жаманбалинов М. Ақылға салып сараптасақ..: ["ана тілі" облыстық бағдарламасы туралы] / М.Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2002.- 20 қыркүйек.- 4б.

Жаманбалинов М. Аштық апаты-қазақтарды құрту саясаты: [31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай] / Жаманбалинов М // Сарыарқа самалы.- 2001.-29 мамыр.-2б.

Жаманбалинов М. Железинка Мұздықөл деп аталса..: [Ономастикалық комиссия назарына] / Жаманбалинов М // Сарыарқа самалы.- 2003.-4 наурыз.-5б.

Жаманбалинов М. Қалауын тапса, қар жанар немесе халыққа қорған басшымен сұхбат: [Железинка ауданы: нарыққы бейімделу кезеңінде] / М.Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2002.-14 маусым.-7б.

Жаманбалинов М. Мұхаметжан би (1867-1950): [Қазіргі Железинка ауданының негізін құраған Каукөл болысының атақты биі болған Едіге баласы Мұхаметжанның шешендігі, тапқырлығы жайлы] / Жаманбалинов М // Сарыарқа самалы.- 2002.-26 желтоқсан.-1бб.

Жаманбалинов М. Келіспей пішкен тон...немесежер-судың иесі кім?: [Ертіс бойындағы сатылып кеткен көлдер мен қарасулардың жағдайы жайлы] / Жаманбалинов М; Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2005. - 4 тамыз. - 4б.

Жаманбалинов М. Мал тұқымын асылдандыру барысы қалай?: [Павлодар облысында] / Жаманбалинов М // Сарыарқа самалы.- 2003.-19 сәуір.-4б.

Жаманбалинов М. Әже: Өлеңдер / М.Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 26 сәуір. - 8б.

Жаманбалинов М. Ез тойынса - есуас: Өлеңдер / Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 28 сәуір. - 6б.

Жаманбалинов М. Көше атауын дұрыс жазуға жауапкершілікпен қарасақ: [Ертіс ауданында көптеген елді мекендердің, көшелердің аттары көпшілік талабымен тарихи қажеттілікке орай өзгертілді] / Жаманбалинов Мүбәрак; Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.-2006. - 25 мамыр. - "Туғал тіл" қосымшасы

Жаманбалинов М. Саңырау мен маңырау; Түлкінің төрелігі: Өлеңдер / Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 31 наурыз. - 4б.

Жаманбалинов М. Тіл туралы нақыл сөздер / Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 17 наурыз. - 2б.

Жаманбалинов М. Ой түйіндері / Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 30 маусым. - 3б.

Жаманбалинов М. Азаматтары - ай Ертістің (Ертістік жерлестер игілігіне миллиондаған теңгенің ғимараттарын сыйлаған нар тұлғалар туралы) / Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 24 мамыр. - 9б.

Жаманбалинов М. Ой түйіндері / Мүбәрәк Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.-2007.- 17 шілде. - 5б.

Жаманбалинов М. Туып өскен, саналы ғұмыр кешкен жер: [Республикалық дәрежедегі зейнеткер, қоғам қайраткері Кеңес Әубәкіров жайлы] / Мүбарак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы.- 2007.- 10 қараша. - 3б.

Жаманбалинов М. Аштық азабы: Өлеңдер / Мүбарак Жаманбалинов // Жұлдыз.-2008.- №4. - 122 - 126б.

Жаманбалинов М. Менің әжем.: [Өлеңдер] / М.Жаманбалинов // Балдырған.- 2004.- №12. - 17 б.

Жаманбалинов М. Жауқазын: Таңдамалы өлеңдер / М.Жаманбалинов. - Павлодар, 2001.- 208б.

* * *

Балдырғандар жайлы сырлар мен жырлар // Шамкенов А. Ой-толғам.- Павлодар, 2001.- 66 - 73б.

Қапасова Б. Бала жүрегін ұққан ақын // Сарыарқа самалы.- 1999.- 13 қараша.- 7б.

Смағұл Қ. Өмір кезеңдері // Сарыарқа самалы.-1999.-30 қараша.- 3б.
Алақанұлы Ақын. Тарлан ақынның тағылымды туындысы: [Ақын-жазушы М.Жаманбалиновтың "Аштық азабы" поэмасы жайлы] / Алақанұлы Ақын // Сарыарқа самалы.- 2003.- 25 қараша.- 5б.

Әміржанов Қ. "Баласы Әлсейіттің Құдайберген" Исаның үшінші желдірмесі кімнен алынған? / Қалиәкпар Әміржанов // Қазақ әдебиеті.- 2007.- 30 қараша. - 5б.

Бөжен Б. Елі ардақтаған ақын: [Мәтін]:[Павлодар өңірінің атақты жазушы-ақыны М.Жаманбалинов туралы] / Бейбіт Бөжен // Сарыарқа самалы.- 2004.- 20 қараша. - 3б.

Дүкенбай Н. Қарттар болса, біртіндеп кетіп жатыр /Сөзі: М.Жаманбалиновтікі / Н.Дүкенбай // Айдын.- 2004.-№4.- (9 желтоқсан).- 29б.

Жұматов Ғ. Ел тірлігін асқақтата танытқан: [Жергілікті жазушы М.Жаманбалиновтың "Әйгілі аудан-Ертісім" атты кітабы жайлы] / Ғ.Жұматов //Сарыарқа самалы.- 2003.-15 қараша.- 8б.

Молдайып С. Айтыс айшықты өтті [Мәтін]: [Дала абызы М.Жаманбалиновтың мерейтойына арналған ақындар айтысы ұйымдастырылды] / Сая Молдайып //Сарыарқа самалы.- 2004.- 20 қараша.- 3б.

Мүбәрәк Жаманбалинов: "Азаматтық парыз жас талғамайды": [Республикаға кеңінен танылған ақын - жазушы М.Жаманбалиновпен сұхбат / Өңг. Ғ.Жұматов] // Сарыарқа самалы. - 2007. - 7 маусым. - 4 - 5б.

Сексенінде жыр жалынан нық ұстаған (Ақын, жазушы,Қазақ КСР-не еңбек сіңірген мәдениет қайраткері М.Жаманбалинов-80 жаста) // Сарыарқа самалы.- 2004.-16 қараша.-5б.

19 қараша Ақын, жазушы, аудармашы М.Д.Балыкиннің туғанына 85 жыл (1924-2000)

Ақын, жазушы, аудармашы михаил Данилович Балыкин 1924 жылы 19 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Канонерка ауылында дүниеге келген. 1948 жылдан «Прииртышская правда», «Индустриальная Караганда», газеттерінде тілші, «Советский Казахстан» журналында әдеби қызметкер болып жұмыс істеген. Тұңғыш кітабы 1951 жылы жарық көрді. Б.Соқпақбаевтың, З.Шашкиннің повестерін, Д.Әбіловтың поэмасын орыс тіліне аударған. 1964 жылы Е.Брусилковскийдің «Наследники» операсына либретто жазған.

Әдебиеттер:

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруана. – 2005. – 575 б.

29 қараша

Кеңес Одағының батыры Қ.Қамзиннің туғанына 90 жыл (1919-1944)

Қанаш Қамзин 1919 жылы 29 қарашада қазіргі Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айырылған ол үлкен ағасының қамқорлығында өседі, отбасында бұл үшінші бала еді. Көп ұзамай ағасы Қанашты Павлодардағы қазақ балалар коммунасына орналастырады. 1936 жылы үздік оқушы ретінде жұмысшы факультетіне жіберіледі, оны бітірген соң ауылға жолдаманың орнына әскери комиссариаттан шақыру қағазы қолына тиеді. Соғыс басталған күні Қызыл Әскер қатарына шақырылды.

Лейтенант Қ.Қамзин 52-атқыштар дивизиясының 429 атқыштар полкының 3 -ротасында майданның қанша жолдарынан өтіп, 1944 жылы 13 сәуірде Молдованың Тирасполь ауданы Бычек селосының маңында Днестр жағасына жетеді. Полктың алдыңғы шебінде келе жатқын ротаға Днестрден өту, арғы жағадағы плацдарм жасау бұйырылды. 13 сәуірде жаудың артиллерия мен минометтен атқылауы астында көктемде кемерінен шыққан Днестрді кешіп өтіп, дұшпанның алғы шебіне рота басып кіреді.

Молдова жаудан толық азат етіліп, Днестрден әрі-Румыния болатын. Гура-Букулуй үшін ұрыста 18 сарбазбен офицер Кеңес Одағының Батыры атанды. Соның бірі-Қанаш Қамзин болатын.

Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзин мәңгі есте қалды. Молдовада оның есімі қастерлеп еске алынады. Молдованың азат етілуінің 55 жылдығында Қанаш есімі салтанатты жиында ерекше аталды.

Батыр есімі "Жолқұдық" совхозына берілді. Ақтоғай село-сының бір көшесі Батыр атымен аталады. Павлодар Батыр атындағы көшеде үлкен ескерткіш Қанаш Қамзинге арналған. 1966 жылы Жолқұдық ауылындағы мектепке Қанаш есімі берілді.

Әдебиеттер:

Камзин Қанаш // Боздақтар. - 3т. - Алматы, 1994. - 1т. - 161б.

Камзин Қанаш // Совет Одағының қазақстандық батырлары. - 2т. - Алматы, 1969. - 1т. – 335 – 336б.

Қоңыр Т. Қанаш қадаған ту // Сарыарқа самалы. - 1999. - 27 қараша. - 8б.

30 қараша

ҚР білім беру ісінің үздігі Л.Қ.Жаналинаның туғанына 65 жыл (1944)

1944 жылы 30 қарашада Павлодар қаласында дүниеге келген Ләззат Қабылдешевна Жаналина филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының білім беруінің үздігі, ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі. С.Киров атындағы ҚазМУ-ді 1967 жылы, аспирантураны 1973 жылы бітірген. 1967-1969 жылдары Көкшетау университетінің орыс тілі кафедрасының аға оқытушысы. 1973 жылдан бастап тәжірибелі орыс тілі кафедрасының оқытушысы, Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік университетінің қазақ мектебіндегі орыс тілі кафедрасының доценті, 1996 жылы орыс тілі және жалпы тілтану кафедрасының меңгерушісі, 2001 жылдан бастап Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік университетінің орыс тілі кафедрасының меңгерушісі. Ай сайын шығатын «Қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті» республикалық оқу-әдістемелік журналының редакциялық коллегиясының мүшесі. Ләззат Қабылдашевнаның жетекшілігімен екі кандидаттық диссертациялар қорғалған. 120 ғылыми жұмыстардың, оның ішінде орта мектептің жоғарғы сыныптарына, жоо-на арналған оқулықтар мен оқу құралдарының және монографиялардың авторы.

.....
2 желтоқсан

Журналист, ақын, мұғалім С.Баязитовтың туғанына 65 жыл (1944)

1944 жылы 2 желтоқсанда Павлодар облысы Баянауыл ауданында Шанин ауылында дүниеге келген Сүлеймен Баязитов – журналист, жазушы, өлкетанушы, Қазақстан Республикасының журналистер одағының мүшесі. 1960 жылы Павлодар зооветтехникумын және 1984 жылы ҚарМУ-дың филология факультетін бітірген. Ауылда жұмыс істейді, 1963-67 жылдары әскерде қызмет етеді. 1967-97 жылдары «Жеңіс» баянауылдық газеттің редакторының орынбасары, әдеби қызметкері. 1997 жылдан бастап «Сарыарқа самалының» жеке тілшісі және газеттің аудармашысы қызметтерін атқарады. 1963 жылдан бері «Жұлдыз», «Жалын», «Ара», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Тың өлкесі» және т.б. газет-журналдарда басылады. «Бастау», «Жыл он екі ай» өлеңдер жинағының авторы.

5 желтоқсан

Ғалым Ж.Т.Жиенбаевтың туғанына 95 жыл (1914-1978)

Жиенбаев Жазкен Тайшықұлы 1914 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Қазақ фитопатологы, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы (1972). Омбы ауылшаруашылық институтын бітірген (1940).

1946-58 жылдары ВАСХНИЛ Қазақ филиалының Бал арасын өсіру тәжірибе станциясының, республикалық өсімдік қорғау станциясының директорлық қызметін атқарды. 1958-78 жылдары Қазақ өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институтында директор, фитопатология бөлімінің меңгерушісі болды.

1978 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтында фитопатология кафедрасын басқарды. Негізгі ғылыми еңбектері фитопатология мәселелеріне арналған. Жиенбаев бидай мен жүгері қарақүйесі, тамыр шірігі, тат ауруларын зерттеп, олардан арылу шараларын ұсынды.

Ж.Жиенбаев ІІ дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, "Құрмет Белгісі" ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Жиенбаев Жазкен // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4т.- Алматы, 1988.- 3т.- 239б.

13 желтоқсан

Ғалым Е.Ғ. Жақышевтың туғанына 75 жыл (1934)

1934 жылы 13 желтоқсанда Павлодар облысы Ақсу қаласында дүниеге келген Еркін Ғазизұлы Жақышев – заңгер, заң ғылымдарының докторы (1994), профессор (1995). 1959 жылы ҚазМУ-дің заң факультетін бітірген. 1969-60 жылдары Қарағанды ІІБ операктивті уәкілі, 1960-61 жылдары прокуратураның тергеушісі, 1961-63 жылдары Қазақстан ғылыми-зерттеу институтының сот сараптамасының инспекторы. 1963-67 жылдары Алматы облысының сотының судьясы. 1972 жылы ҚазМУ-дің заң факультетінің қылмыс кафедрасының доценті. 1991-97 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың қылмыс кафедрасының меңгерушісі. 1997 жылы ҚазМУ-дің кафедра меңгерушісі және директордың бірінші орынбасары.

.....

25 желтоқсан

Ақын П.Н.Васильевтің туғанына 100 жыл (1909-1937)

Павел Николаевич Васильев 1909 жылы 25 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында туған. Орыс ақыны. 1956 жылы Қиыр Шығыс мемлекеттік университетінде оқып, 1927 жылы Москвада жұмысшы факультетін аяқтаған. 1928-1919 жылдары Сібір мен Қиыр шығысты аралап, теңізші болды. Алтын кенінде жұмыс істеді. 20-шы

жылдардың соңы, 30-шы жылдардың басында "Голос рыбака" газетінің Каспий мен Аралдағы арнаулы тілшісі болған.

Алғаш шығармалары 1926 жылы жариялана бастады. Сібір аралаған кездерде туған очерктері ("Алтын барлауында" (1930), "Тайга адамдары" (1931) бар. Васильевтің Арал мен Каспий балықшылар өміріне арнаған "Астрахань жастары", "Еділ атырауында", "Арал" т.б. очерктері бар.

Ақын қаламынан туған "Қазақ әскерлерінің қырылуы туралы жыр" (1930), "Жаз" (1932), "Тамыз", "Бір түн" (1933), "Синицын мен К", "Өмірбаянымның тараулары" (1934), "Фома Шаһизада" (1936) т.б. поэмалары туған. Жазушы баспаға әзірлеп қойған кітаптарын жарыққа шығарып үлгере алмады.

Васильевтің бүкіл творчествасынан қазақ ауыз әдебиетінің ықпалы айқын аңғарылады. Павлодар, Қызылорда т.б. жерлерден жазып алған үлгілерін, сондай-ақ қазақ әндері мен аңыз әңгімелерінің әуенімен жазылған туындары ("Салт аттылар", "Бүркітпен аң аулау", "Серке туралы жыр", "Қырғыз-қазақ жырлары" (1932) коллективтік аудармалар жинағына енді. Оның Мұқан Башметов атты лақап есімімен жазған "Бал ашу", "Қоштасу", "Мен Мұқан Башметов", "Бір шара қымыз ішемін", "Үндеу" сияқты т.б. өлеңдерінде дүние танымының ерекшелігін көрсетуге талпынды.

Дала төсін жаңа заманның қайта түрлеуіне арнаған "Жолдас Жұрбай", "Құлжа өзені туралы хикая", "Түрксиб", Қазақстанның қатал да қайрымы мол табиғатын жырлайтын "Ертіс бойында", "Семей түбіндегі бақша" т.б. өлеңдерінен ақынның туған жерге деген ыстық сезімі аңғарылады. Сондай-ақ, "Павлодар", "Семей", "Серафим Дачаев қаласы" сияқты Ертіс бойындағы қалаларға арналған жырлары бар.

Қазақ классигі І.Жансүгіровтің кейбір шығармаларын, және татар, башқұрт, тәжік т.б. ұлт -ақындардың туындыларын орыс тіліне аударған.

Әдебиеттер:

Дәуренбеков М. Өшпес жердің отын жаққан өлең бар // Қызыл ту.- 1989.- 15 желтоқсан

Павел Васильевтің туғанына 90 жыл // Сарыарқа самалы.- 1999.- 4 желтоқсан.- 6б.

Павел Васильев // Сарыарқа самалы.- 1999.- 20 қараша.- 6б.

Тюрин Г. Даланың төл жыршысы // Жұлдыз.-1998.-N2.- 194 - 197б.

Тюрин Г. Жалын сөз айтқан жанартау жүрек // Жұлдыз.- 1996.- N7.- 205 - 208б.

Жайықбаев Н. Ақын атылған күн: [орыс ақыны П.Васильевтің еске алу күні] / Нұрбол Жайықбаев // Сарыарқа самалы.- 2007.- 24 шілде. - 8б.

2004 ЖЫЛЫ АТАЛЫНАТЫН АЙЫ МЕН КҮНІ БЕЛГІСІЗ КҮНДЕР

Олжабай батырдың туғанына 300 жыл (1709-1783)

Олжабай батырдың туған жері Тәуке ханның тұсындағы Түркістан қаласы, әкесі Тәуке ханға қызмет істеген көп билердің бірі, тарихта Толыбай деген атпен белгілі болған. Шешесі – ұлы жүз Төле бидің туысы, Қаратай батырдың қызы Есенбике. Одан 1709 жылы олжабай батыр туып, Сарыарқанның Абылаймен бірге басқарып отырғанда 1783 жылы Ероеймен тауында қайтыс болады. Олжабай батырдың тарихқа белгілі бола бастаған кезі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тұсы. Жеті жыл ұдайы жұт болып, ел аштықтан қырыла бастайды, осы кезде құба-қалмақ қазақ еліне шабуыл жасап, 1721 жылы, әкесі Толыбай түркістан үшін болған шайқаста қалмақтың қолынан қаза табады. Жетім қалған онұш жасар Олжабай Түркістанда тұра алмай, жоңғарға бағынып отырған нағашысы Қаратайдың қолында өседі. Он алты жасқа толысымен Олжабай жоңғарға тістене қарайды. «Жоқ, мен оларға бағынып отыра алмаймын, мен тау қыраны Олжабаймын» деп, өзіне атқояды. Атақты ерлермен Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбаймен т.б. бірге қосылып, қол жинап, Түркістанды басып отырған жоңғарларды шабады. Олжабай батыр жеңілген Ғалдан сереннің екі қызын – Лагба мен Лабаны алып, көп сый-сыяпатпен еліне қайтады. «Ақтабан-шұбырынды» кезінде Әбілқайыр, Сәмеке хан, Әбілмәмбет үшеуі елді биікке көтеріп, қалмақты Сыр бойынан, Жетісудан ққуып шыққанына сонша разы болып, Олжабай батырға «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деп атақ береді. Олжабай батырдың құба қалмақты екінші рет шапқаны Баянауладан 50-60 шақырым қашықтықта орналасқан бүгінгі «Қалмақ қырылған» тауы деп аталатын жерде болған оқиға.

Барлық соғыстарда Олжабай батыр әскерге дем беріп, биік тау үстінде ту ұстап тұратын болған. Олжабай соғыс майданында ту көтеріп, әскерге айбат беруші. Сонымен қатар, ел арасындағы бидік, шаруашылық, ел басқару ісіне қатынасқан. Олжабай батырдың негізгі қонысы Баянаула таулары, Жасыбай көлі мен Торайғыр көлінің арасы.

Әдебиеттер:

Алдабергенев Қ.М. Бір туар дара тұлғалар / Қ.М.Алдабергенев, Е.М.Арын, Б.Т.Баткеева. - Павлодар: Университет баспа орталығы, "ЭКО", 2003. - 364б.

Баянаула дуаны : тұлғалары, тарихы, мәдениеті. Баянауыл сыртқы округінің ашылуына 180 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары 4-5 тамыз.- Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2006.- 390 б.

Әбен Қ. Олжабай батыр (аңыз - әңгімелер): [М-Ж. Көпеев жазбаларынан] / Қайрат Әбен // Сарыарқа самалы.- 2007.- 17 наурыз. - 5б. – жалғасы бар

Әбен Қ. Олжабай батыр (аңыз-әңгімелер) / Қайрат Мәми // Сарыарқа самалы.- 2007.- 24 ақпан. - 5б.

Әбен Қ. Жасыбай батыр / Қайрат Әбен // Сарыарқа самалы.- 2005.- 13 желтоқсан. - 6б.

Олжабай батыр: Өлең // Азия-Транзит.-2001.-№9.- 41- 44б. (Жалғасы келесі сандарда)

Олжабай батыр // Отан сақшысы.- 2002.-18мамыр.- 6б.

Олжабай мен Жасыбай: [Жерімізді қорғаған, елімізді есейткен, билеріміздің бірі Олжабай мен Жасыбай батырлар туралы] // Сарыарқа самалы.- 2002.- 23 тамыз.- 7б.

Рақым Б. Ала тулы-алып батыр: [XVII ғ. Қазақтың ұлт-азаттық көтерілісінің басшыларының бірі-Олжабай батыр туралы] / Б.Рақым // Азия-Транзит.- 2001.- №9.- 40б.

Шоң Едіге бидің туғанына 255 жыл (1754-1886)

Шоң Едігеұлы 1754-1836 аралығында бұрынғы Қарқаралы округі Баянаула ауылында дүниеге келген. Сол кездегі қазақтың атақты биі болған. Шоң бидің ататегі қазақ шежіресінде былай тараған: Арғын, оның ішінде Мейрамсопыдан Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Шұбыртпалы, Қаракесек. Сүйіндіктен Қаржас, Жанболды, Құлболды, Орманшы. Жанболдыдан Айдабол би, одан Едіге би. Едіге биден ағайынды Шоң, Торайғыр билер туған.

Елдің айтуынша Шоң би дінсіз де, діншіл де болмаған. Ел есінің қауырт та көптігінен ол шарттардың бірін де істемеген кездері болған. Шоң бидің осы мінезін білетін қожа, солдалар оған көбінесе үйір бола бермеген.

1730 жылы құба қалмақтың беті қайтқаннан кейін сонау Орта Азиядан Арқаға қарай қоныс аударуға бел байлағанда елдің басын қосып, күш жинау үшін Қаржас биі Сәти, Айдабол батыры Олжабай, Сүйіндіктен тараған Қаржас, Құлболды, Жанболды, Орманшы ұрпақтары "Төртұлы" деген одаққа қосылып, Жонғар басқыншылығы тегеуірінен жүз жыл бұрын тастап кетуге мәжбір болған Баянауыл өңіріне қайтып келеді.

Шоңның төрелермен шайқаста күш алу үшін, яғни халықты төңірегінен шығармау үшін жаңғыртқан "Төртұлы" одағы осы еді. Ата дәстүрі қайта бас көтеріп, халық Шоңды "Төртұлыға" төбе би қылып сайлап алған.

Шоң қарапайым қазақтың ел басқара алатынын дәлелдей білген аға сұлтан болған тұңғыш би.

Шоң би Баянауыл округі ашылғанда Сібір-генерал губернаторы ол кісіні аға сұлтан етіп тағайындаған. Шоң би үлкен де, білікті адам болған. Елді ақылмен, әділ және іскер басқарғаны сонша, оның билігіне хандар да

қызыға қараған. Ол өмір бойы хандыққа қарсы болған. Шоң би қазақ халқының болашағын орыстарға жақындасудан көрген екен. Орта жүз даласында қала салуды, халықты отырықшылдыққа айналдыруға бастаған. Патша бекіткен жарғының теміродей қатаң баптарын бұздырып, қазақтан қарадан тұңғыш аға сұлтан болған Шоң би халықтың қанша заман өтсе де ұмтылмас кемеңгер ұлдары болып қала береді.

Әдебиеттер:

Алдабергенов Қ.М. Бір туар дара тұлғалар / Қ.М.Алдабергенов, Е.М.Арын, Б.Т.Баткеева. - Павлодар: Университет баспа орталығы, "ЭКО", 2003.- 364б.

Исабаев Қ. Шоң би: Роман.-3-ші кітап.- Алматы, 1993.- 224б.

Исабай Қ. Шоң би (1754-1836) // Сарыарқа самалы.- 2002.- 20 қыркүйек.-7б.

Төрекұлұлы Н. Шоң би // Төрекұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені.- Алматы, 1995.-186 - 205б.

Шоң би Едігеұлы // Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянаула өңірі.-1-ші кітап.-Павлодар, 1995.- 120 - 122б.

Дәулетхан Ә. Шоң биден Тұманға дейін // Қазақ тарихы.-1999.- N2 - 3.- 6б.

Алдабергенов Қ.М. Тарих тудырған тұлға: [Шоң би Едігеұлы туралы] / Қ.М.Алдабергенов // Өлкетану-Краеведение.- 2005.- №4. - 6 - 11б.

Артықбаев Ж. Шоң Едігеұлы туралы шындық / Ж.Артықбаев // Сарыарқа самалы.-2005. - 11 қазан. - 7б.

Бақтияр С. Өрелі ісі мұра болып қалған (Сансызбай Батталов хақында): [Шоң би туралы жазылған деректер мен мәліметтер жайлы] / Бақтияр С; Сайран Бақтияр // Айдын.- 2004.- N4.- (9 желтоқсан.) – 21 - 24б.

Батталов С. Елдіктің жүгін көтерген [Мәтін]: [Ірі би, сөз зергері болған саяси қайраткер, қасиетті Баянауылдың әйгілі перзенттерінің бірі-Шоң би туралы] / Сансызбай Батталов // Сарыарқа самалы.- 2004.- 20 қараша.- 5б.

Дүкенбаева З.О. Қазақ зиялыларының көшбасшысы өкілі-аға сұлтан Шоң би / З.Дүкенбаева // Өлкетану-Краеведение.- 2005.- №4.- 40 - 45б.

Жақсыбаев С. Мұса Шорманов: [Мұса Шормановтуралы] / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2008.- 4 наурыз. - 4-5б.

Исабай Қ. Шоң би (1754-1836): [Жерімізді қорғаған,елімізді есейткен батыр, билеріміздің бірі-Шоң би жайлы] / Қ.Исабай // Сарыарқа самалы.- 2002.- 20 қыркүйек.- 7б.

Исабай Қ. Сонда шындық қайда?: [Қазақ тарихындағы ұлы тұлға, би Шоң Едігеұлы туралы пікірталас] / Қалмұқан Исабай // Сарыарқа самалы.- 2005. - 22 қараша. - 7б.

Исабай Қ. Шоң би: Трилогия / Исабай Қалмұқан.- Астана: Елорда, 2005.- 672 б.

Мақышева А.Т. 1822 жылғы "Жарғы" және Баянауыл сыртқы округінің ашылуы / А.Т.Мақышева // Өлкетану-Краеведение.- 2006.- №1. - 57 - 61б.

Мұхтарова Г.А. Баянауылдың сыртқы округі және оның аға сұлтаны Шоң би Едіге ұлы / Мұхтарова Г.А // Өлкетану - Краеведение.- 2005.- №4. - 81 - 82б.

Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы Шоң би кім? / А.Қ.Тұрышев // Өлкетану - Краеведение. - 2005.- №4. - 92 - 101б.

Шоң бидің ерліктері: [Павлодар С.Торайғыров атындағы университетінде республика ғалымдары және «Шоң би» трилогиясының авторы, белгілі жазушы Қалмұқан Исабайдың қатысуымен ғылыми конференция өтті] // Әдебиет айдыны.- 2006.- 28 желтоқсан. - 6 - 7б.

Мұса Шормановтың туғанына 190 жыл (1819-1885)

Мұса Шорманов 1919 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Сәтбаев атындағы совхозда дүниеге келген. Баянауылдың аға сұлтаны (1853-1868). Ата-тегі де, өзі де ірі феодал болған.

М.Шорманов Омбыдағы қазақ әскери училищеде оқыған. Орыс, француз тілдерінде еркін сөйлей білген. Ш.Уәлихановпен пікірлес бола отырып, одан білім, рухани көмек алды.

Халықтың ауыз әдебиетін, әңгімелерін, қиссаларды көп оқып білген. Оларды жинап, Ш.Уәлихановқа, Г.Н.Потанинге, Н.М.Ядринцевке, Н.Ф.Костылецкийге жіберіп отырды. Шоқан арқылы Ф.М.Достоевскиймен қатысқан. Г.Н.Потанин мен К.К.Гутковский арқылы Сібір қазақтары облыстық басқармасының алдына сол кездегі қазақ қауымының жағдайына бейім көшпелі гимназиялар ашу туралы мәселе қойды.

1833 жылы Баянауыл округі ашылғанда Шорманды аға сұлтандыққа кандидат етіп тағайындайды. Шорман өз елінде беделді де, өте күшті ықпалы бар адам болған.

1881 жылы Г.Н.Потанинге жазған хатында: "Қазақ халқы ғылым-білімсіз, надандықтан қатып-семіп барады" деп жазған.

М.Шормановтың өзінің халқына жаны ашып, осы игі істерін Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин және т.б. жоғары бағалады.

Әдебиеттер:

Мұса Шорманов.19-кітап / С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің Е.Бекмаханов атындағы "Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы"; Орталық директоры А. Ж. Құдабаев.- Павлодар: ЭКО, 2003.- 196б.

Ахметов Е. Ерлан Арын: Өзін - өзі басқару - студент белсенділігін арттырады: [ПМУ ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Мұхтарұлы Арынмен сұхбат] / Е.Ахметов // Қазақ әдебиеті.- 2007.- 5 - 11 қазан. - 1, 4б.

Ғалым М. "Бес төре" күйі кімдерге арналған? / Мұсатай Ғалым // Қазақ әдебиеті.- 2007.- 6 - 12 шілде (№27). - 7б.

Жақсыбаев С. Мұса Шорманов: [Мұса Шорманов туралы] / Серік Жақсыбаев // Сарыарқа самалы.- 2008. - 4 наурыз. – 4 - 5б.

Исабай Қ. Мұса Шорман (1819-1884): [Жерімізді қорғаған, елімізді есейткен батыр, билеріміздің бірі - Мұса Шорман туралы бірер сөз] / Қ.Исабай // Сарыарқа самалы.- 2002. - 24 қазан.- 18б. (Соңы. Басы 83-ші санда).

Исабай Қ. Ақкелін (Қазақтың шөкімдей бір жерінің тарихы) / Қалмұқан Исабай // Егемен Қазақстан.- 2006. - 26 шілде. - 14б.

Көпеев М.Ж. Мұса Шорманов: Жоқтау / М.Ж.Көпеев // Сарыарқа самалы.- 2001.- 28 тамыз.- 5б.

Нухұлы А. Асыл мұрасын асқақтатқан бабалар: [Кереку жерінен шыққан ұлы адамдар жайлы] / Алтынбек Нухұлы // Сарыарқа самалы.- 2005.- 14 шілде. - 4 - 5б.

Нухұлы А. Ағартушы тұлғалар: [Павлодар өңірінен шыққан атақты тұлғалар жайлы] / Алтынбек Нухұлы // Сарыарқа самалы.- 2007.- 7 маусым. - 9б.

Шорман би // Тураби.- 2003.-N1.-115-119б.

Мұса Шорманов // Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянаула өңірі.- Павлодар, 1995.- 147- 148б.

Шорманов Мұса // ҚСЭ.-12т.-Алматы, 1978.- 12т.- 270б.

Арын Е, Нухұлы А. Халқына қамқор болған Мұса мырза // Сарыарқа самалы.-2002. - 3 желтоқсан.- 5б.

Исабай Қ. Мұса-аға сұлтан // Сарыарқа самалы.-2000.-3 қазан.- 4 - 5б. - ("Баянтау").

Мұса Шорманов: Жоқтау // Сарыарқа самалы.- 2000. - 3 қазан.- 2б.

Темірболат Арғынбаевтың туғанына 120 жыл

Павлодар облысы қазіргі Аққулы ауданында 1889 жылы дүниеге келіп, 1940 жылы Алматы қаласында дүниеден озған Арғынбаев Темірболат халық ақын-импровизатор және қоюшы-режиссер. Музыкамен жастайынан әуестенген. Әе шеберлігін Ақбай ақыннан үйренген. 1917 жылдан кейін Семейлік губерниялық сотының хатшы-ісқағаздар жүргізушісі. 1923 жылдан бастап –Омск, Семей, Павлодар ұйымдастырушы органдарының түрлі қызметтерінде қызмет атқарады. Барлық той-думандарда қолына домбыра алып ортаға шығып жүрген.

1929 жылдан бастап Алматы қаласында тұрады және жұмыс істейді. Қазақ драма театрында түрлі қойылымдарда «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» және т.б. Жамбыл атындағы қазақфилормониясымен қызметескен. «Қорлан», «Үш дос», «Юран» әндерін орындаушы. Репрессияға ұшыраған, ақталған.

Жабай Тоғандықовтың туғанына 120 жыл (1889-1978)

Павлодар облысы Баянауыл ауданында 1889 жылы туып, 1978 жылы 10 тамызда қайтыс болған Жабай Тоғандықов - қазақ әншісі, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген әртісі (1945). Ата-анасынан ерте айрылған Жабай Тоғандықов жоқшылықты көп көреді. 1903 жылы Арқаның белгілі әншісі Қ.Байжановпен кездеседі, оның жанында жүріп әншілік өнерге ден қояды. Кейіннен Екібастұзда шахта жұмысында жүргенде 1916 жылы патша дарлығы бойынша әскерге алынып, қара жұмысқа тартылады. 1918 жылы Павлодар қаласына келіп. Жұмат шанин ұйымдастырған көркем-өнерпаздар үйіремсінің белсенді мүшесі болады. 1932 жылы Қарағанды облысының радиокамитетіне шақырылып, өмірінің соңына дейін сонда әнші солист қызметін атқарады. өз жанынанда өлең жазып, ән шығарады. Тоғандықовтың репертуарында 100-ден астам халық әндері мен халық композиторлары (Біржан, Ақан сері, Жаяу ұса, Жарылғапберді т.б.), сондай-ақ кейінгі қазақ композиторларының әндері болды. 1936 жылы Москва қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты.

.....

Құдайберген Әлсейітовтың туғанына 125 жыл (1884-1933)

Әнші-композитор, ақын-импровизатор Құдайберген Әлсейітов 1884 жылы Павлодар облысы Ертіс ауданы Михайловка селосында туған. 11-12 жасынан "Бала ақын" атанған. Павлодар, Омбы, Көкшетау, Қызылжар, Ақмола, Семей қалаларын аралап ән айтқан. Бертінде Қоянды, Қараөткел жәрмеңкелерінде ән салып, ат ойынын көрсеткен.

Әлсейітовтің көптеген музыкалық шығармалары "Құдайбергеннің әні", "Баласы Әлсейіттің Құдайберген", "Құдайбергеннің термесі", "Құдайбергеннің желдірмесі", "Құдайбергеннің Хадиша қызбен айтысы" деген атпен ел арасында кең тараған.

Ақынның мелодиялары терме жанрына тән жеңіл ырғаққа құрылып, көбінесе ионийлік, миксолидиялық, дорийлік ладтарға негізделген. Ол ән жанрында кезігетін қайырмасы бар екі бөлімді форманы терме, желдірмелерінде сәтті пайдаланды.

Қ.Әлсейітов шығармашылығын насихаттаған И.Байзақов болды. Сондықтан да оның желдірмелеріне ақынның ән-шығармашылығы үлкен әсер етті. Ән-термелері Қазақ мемлекеттік филармониясы мен Қазақконцерт әншілерінің репертуарынан орын алды.

Әдебиеттер:

Әлсейітов Құдайберген // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.- бт.- Алматы, 1998.-1т.- 673б.

Әлсейітов Құдайберген // Қазақ өнері: Энциклопедия.- Алматы, 2002.- 87б.

Бөжен Б. "Даусыма ұшқан құс та үйірілген...":[Қазақтың біртуар ақыны Құдайберген Әлсейітовтың шығармашылығы жайлы] / Бөжен Бейбіт // Сарыарқа самалы.- 2004.- 14 ақпан. - 8б.

Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 120 жыл (1899-1931)

